

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



Қазақстан Ұлттық Банкінің
ХАБАРШЫСЫ

№4

2016 ЖЫЛҒЫ 1–30 сәуір

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакциялық кеңестің құрамы:

Редактордың міндетін атқарушы:
А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:
П.Е. Орлов
Ә.Қ. Мадиярова
Н.В. Сәрсенова
А.Е.Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:
Н.Н. Шабанова
Тел: 8 (727) 330-24-97

Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ш/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
24.02.1997ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады

Редакциядан:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті 2016 жылғы 1-30 сәуірдегі № 4 шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде қаржы нарығындағы ахуал туралы және «Бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты. Астана 2016» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы білетін боласыз.

Сонымен бірге басылым беттерінен Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ала аласыздар.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар	4 бет;
2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 140 қаулысы	11 бет;
3. «Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 141 қаулысы.....	59 бет;
4. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 155 қаулысы.....	76 бет;
5. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 209 қаулысы.....	86 бет;
6. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкноттарының қатар айналыста болуының кейбір мәселелері туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 210 қаулысы	100 бет;
7. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 200 қаулысы.....	104 бет;
8. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 222 қаулысы	106 бет;
9. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 255 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 229 қаулысы.....	151 бет.

Басты оқиғалар

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2016 жылғы 11 сәуір

Алматы қ.

1. 2016 жылғы наурыздағы инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылғы наурызда инфляция 0,5% (2015 жылғы наурызда – 0,1%) болды. Азық-түлік тауарлары 0,5%-ға (0,2%-ға өсу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,9%-ға (0,0%-ға) қымбаттады. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,3%-ға (0,1%-ға өсу) өсті.


Азық-түлік тауарлары нарығында 2016 жылғы наурызда көбінесе жарманың бағасы 2,7%-ға, кондитер өнімдері 2,4%-ға, қант 1,6%-ға, макарон өнімдері 1,1%-ға, май мен тоң май 0,8%-ға, балық және теңіз өнімдері 0,8%-ға, нан 0,5%-ға өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде киім мен аяқ киімнің бағасы 0,7%-ға, дәрі-дәрмектер 2,0%-ға, тұрмыстық үй заттары 1,2%-ға өсті, бензин 0,7%-ға арзандады.

Ақылы қызметтер тобында тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің ақысы 0,2%-ға өсті, оның ішінде қоқысты жинау тарифтері 1,5%-ға, тұрғын үйді ұстау 0,7%-ға, ыстық су 0,4%-ға көтерілді. Байланыс қызметі 0,6%-ға, амбулаторлық қызмет 0,4%-ға, көлік және білім беру қызметінің әрқайсысы 0,1%-ға қымбаттады.

2016 жылғы қаңтар-наурызда инфляция 3,0% (2015 жылғы қаңтар-наурызда – 1,1%) болды. Жылдың басынан бастап азық-түлік тауарларының бағасы 3,2%-ға (1,6%-ға өсу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 2,6%-ға (0,6%-ға төмендеу), ақылы қызмет көрсету 3,1%-ға (2,2%-ға өсу) қымбаттады (1-график).

2015 және 2016 жылғы қаңтар-наурыздағы инфляция және оның негізгі топтары



Инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 2016 жылғы наурызда 15,7% (2015 жылғы желтоқсанда – 13,6%) деңгейінде қалыптасты. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 12,7%-ға (10,9%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 26,5%-ға (22,6%-ға) өсті. Ақылы қызмет көрсету бір жылда 9,1%-ға (8,1%-ға) қымбаттады.

2. 2016 жылғы наурыздағы халықаралық резервтер және ақша базасы

2016 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша алдын ала бағалауға сәйкес¹ халықаралық резервтер (Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоспағанда) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша базасы мынаны құрады:

¹ Бағаға сыртқы басқарудағы активтер бойынша аудиттелмеген деректер кіреді.

	Ағымдағы бағамен
Жалпы халықаралық резервтер, млн. долл.	28 496,0
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	27 606,6
оның ішінде:	
ЕАВ-дағы таза активтер	18 550,2
Алтын	9 056,4
Ақша базасы, млрд. теңге	4 993,2
Тар ақша базасы, млрд. теңге	4 127,7
<i>ЕДБ-ның ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттері, млрд. теңге</i>	<i>820,1</i>
KZT/USD (кезең соңында)	343,62
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD)	1 233,60

ЕАВ-дағы таза активтер – ЕАВ-дағы жалпы активтер мен міндеттемелердің арасындағы айырма тар ақша базасы – ЕДБ-ның ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттерін есептемегендегі депозиттер және арнайы мақсаттағы шоттар бойынша ақша базасы, %

2016 жылғы наурызда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 851,3 млн. долларға немесе 3,1%-ға өсті. Бұл ретте шетел валютасындағы таза активтер 754,8 млн. АҚШ долларына, ал алтындағы активтер бағасының 0,04%-ға аздап төмендеуі жағдайында жүргізілген операциялар нәтижесінде 103,1 млн. АҚШ долларына ұлғайды.

Ішкі валюта нарығында валютаны сатып алумен және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның келіп түсуімен қамтамасыз етілген халықаралық резервтердің өсімі банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен, банктермен валюталық-пайыздық своп операцияларының аяқталуымен, Ұлттық қор активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету жөніндегі операциялармен бейтараптандырылды.

Елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (жедел деректер бойынша 64,3 млрд. АҚШ доллары) қоса алғанда бір айда тұтастай алғанда 1,8%-ға өсіп, 92 807,6 млн. АҚШ доллары болды.

2016 жылғы наурызда ақша базасы 4 993,2 млрд. теңгені құрады. Ақша базасының бір айда кеңеюі 9,4% немесе 427,0 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін қоспағандағы ақша базасы 4 127,7 млрд. теңгеге дейін 3,7%-ға тарылды.

2016 жылғы ақпанда ақша массасы 17 428,8 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға қысқарды, айналыстағы қолма-қол ақша 1 237,5 млрд. теңгеге дейін 5,4%-ға өсті, банк жүйесіндегі депозиттер 16 191,3 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға азайды. Ақша массасының құрылымындағы депозиттер үлесі 2016 жылғы қаңтардағы 93,4%-дан 2016 жылғы ақпанда тіркелген айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуі аясындағы депозиттердің көлемі қысқаруы салдарынан ақпанда 92,9%-ға дейін төмендеді.

3. 2016 жылғы наурыздағы ақша және валюта нарықтары

2016 жылы наурызда автоматты РЕПО нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2016 жылғы ақпанмен салыстырғанда 37,3%-ға ұлғайып, 5 397,8 млрд. теңге болды. 1 күндік РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2016 жылғы ақпандағы 15,8%-дан наурызда 15,0%-ға дейін төмендеді.

Своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 2016 жылғы ақпанмен салыстырғанда 40,0%-ға төмендеді және 1 622,4 млрд. теңге болды. 1 күндік своп операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2016 жылғы ақпандағы 17,0%-дан наурызда 12,6%-ға дейін төмендеді.

2016 жылғы наурызда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 340,15 – 347,96 теңге аралығында өзгерді. 2016 жылғы наурыздың соңында теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамы бір айда 1,5%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 343,62 теңге болды.

Қазақстан қор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2016 жылғы ақпандағымен салыстырғанда 24,1%-ға ұлғайып, 3,0 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 0,7 млрд. АҚШ долларына дейін 36,0%-ға өсті.

Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 2016 жылғы ақпанмен салыстырғанда 26,1%-ға ұлғайып, 3,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің валюта нарығына қатысу үлесі 41,7% немесе 1,2 млрд. АҚШ доллары болды.

4. Ұлттық Банктің 2016 жылғы наурыздағы өктемдігі

Ұлттық Банк 2016 жылғы наурызда ішкі валюта нарығында өктемдік жүргізді, олардың көлемі шетел валютасын сатып алу түрінде 1 235,95 млн. АҚШ долларын құрады. Осы операцияларды жүргізудің қажеттілігіне АҚШ долларына төмен сұраныс пен оған өскен ұсыныс арасындағы айтарлықтай теңгерімсіздік себеп болды.

Шетел валютасына ұсыныстың ұлғаюына мұнай бағасының тұрақтану аясында теңгемен құралдардың тартымдылығының өсуі және Ресей рублінің әлемдік валюталарға бағамының нығаюы себеп болды. Банктердің шетел валютасынан теңгеге конвертациялау бойынша операциялары көлемінің өскені байқалады.

Сондай-ақ халықтың валюталық басымдық беруі өзгерді. Қолма-қол шетел валютасы нарығында 10 жыл ішінде алғаш рет ақпанда халықтың АҚШ долларын сатып алуынан гөрі, халықтың сатқаны көп болды. Депозит нарығында шетел валютасындағы депозиттердің азаюы (теңгемен депозиттер бойынша ұсынылған мөлшерлемелер 10%-дан 14%-ға дейін артуы және валюталық депозиттер бойынша – 3%-дан 2%-ға дейін төмендеуі салдарынан) аясында теңгемен салымдар өсіп жатыр.

Шетел валютасының ағымдағы ұсынысы ішкі жүйелік сипатта және іргелі факторлардың ықпалына себеп болмаған теңгенің күрт нығаюына әкелуі мүмкін. Теңгенің айырбастау бағамының осылай өзгеруі төлем балансына және ұлттық тауар өндірушілер үшін бәсекелестік жағдайды нашарлата отырып, жалпы экономикаға теріс ықпал етеді. Оның үстіне, теңгенің айтарлықтай қымбаттауы айырбастау бағамы серпінінде тұрақты үрдіске қатысты теріс күтулерді қалыптастыруы және халықтың активтерін долларсыздандыру үрдісін тоқтатуы мүмкін.

5. 2016 жылғы наурыздағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2016 жылғы наурызда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізілмеді. Қаржы министрлігінің 2016 жылғы наурыздың соңына айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға азайып, 5652,3 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2016 жылғы наурызда 408,7 млрд. теңге болды. Бұл ретте 1 айлық ноттарды (408,7 млрд. теңге) орналастыру бойынша 4 аукцион өткізілді. Орналастырылған 1 айлық ноттар бойынша тиімді кірістілік 16,28%, 17,35% 17,67 және 18,13% болды. 2016 жылғы наурыздың соңына айналыстағы ноттар көлемі 408,7 млрд. теңге болды.

6. 2016 жылғы ақпанның соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозит ұйымдарындағы депозиттерінің көлемі бір айда 2,0%-ға төмендеп, 2016 жылғы ақпанның соңында 16 191,3 млрд. теңге болды. Жалпы депозиттер көлемінің төмендеуі 2016 жылғы ақпанда айырбастау бағамының нығаюына байланысты оның валюталық бөлігінің қайта бағалануымен негізделді.

Заңды тұлғалардың депозиттері 9 266,0 млрд. теңге (1,7%-ға төмендеу), жеке тұлғалардың депозиттері – 6 925,3 млрд. теңге (2,5%-ға төмендеу) болды.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 5 259,5 млрд. теңге (бір айда 5,6%-ға өсу), шетел валютасындағы – 10 931,7 млрд. теңге (5,3%-ға төмендеу) болды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 30,1%-дан 32,5%-ға дейін өсті.

Мерзімді депозиттер 2016 жылғы ақпанның соңында 12 002,0 млрд. теңгеге дейін 2,5%-ға төмендеді. Мерзімді депозиттер құрамында ұлттық валютамен салымдар 3 356,6 млрд. теңге

(5,5%-ға өсу), шетел валютасымен – 8 645,4 млрд. теңге (5,3%-ға төмендеу) болды.

2016 жылғы ақпанда банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 15,4%, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,5% болды.

7. 2016 жылғы ақпанның соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің көлемі 2016 жылғы ақпанның соңында бір ай ішінде 2,4%-ға төмендеп, 12 532,6 млрд. теңге болды. Жалпы алғанда кредиттеу көлемінің төмендеуі 2016 жылғы ақпанда айырбастау бағамының нығаюына байланысты оның валюталық бөлігінің қайта бағалануымен негізделді.

Ұлттық валютамен кредиттер көлемі 8 167,5 млрд. теңге (бір айда 1,6%-ға төмендеу), шетел валютасымен 4 365,1 млрд. теңге (4,0%-ға төмендеу) болды. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы бір айда 64,6%-дан 65,2%-ға дейін өсті.

2016 жылғы ақпанның соңына ұзақмерзімді кредиттеу 10 362,2 млрд. теңге, қысқамерзімді – 2 170,4 млрд. теңге болды.

Заңды тұлғаларға кредиттер 2016 жылғы ақпанның соңына бір айда 2,5%-ға азайып, 8 473,3 млрд. теңге болды, жеке тұлғаларға – 2,2%-ға, 4 059,3 млрд. теңгеге дейін азайды. Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,3%-дан 32,4%-ға дейін өсті.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2016 жылғы ақпанда 0,6%-ға артып, 2 336,4 млрд. теңге болды (экономикадағы кредиттердің жалпы көлемінің 18,6% құрады).

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,4%), өнеркәсіп (17,3%), құрылыс (7,6%), ауыл шаруашылығы (4,0%) және көлік (3,9%) сияқты салаларға тиесілі.

2016 жылғы ақпанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 19,1%, жеке тұлғаларға – 18,6%.

8. 2015 жылғы төлем балансы және сыртқы борыш

2015 жылы ағымдағы операциялар шотының тапшылығы 2014 жылғы 6,4 млрд. АҚШ долл. профицитпен салыстырғанда 5,8 млрд. АҚШ долл. (ЖӨ-нің (-)3,1%) болды және таза экспорт көрсеткішінің қысқаруына негізделді.

Сауда балансының оң сальдосы 2014 жылғы көрсеткішке қатысты 65,5%-ға (36,7 млрд. АҚШ долл.) төмендей отырып, 12,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Энергия ресурстарына әлемдік сұраныс пен бағаның құлдырауына байланысты 2015 жылғы төлем балансын жіктеу бойынша тауарлар экспорты 2014 жылға қатысты 42,3%-ға төмендеп, 46,3 млрд. АҚШ долл. (2014 жылы 80,2 млрд. АҚШ долл.) болды. Орташа алғанда 2015 жылы Brent сұрыпты мұнайдың бағасы бір баррель үшін 52,4 АҚШ долл. (2014 жылы

орташа алғанда бір баррель үшін 98,9 млрд. АҚШ долл.) болды. Мұнай және газ конденсаты экспортының құны 2 есе қысқарып, 26,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Қалған тауарлар бойынша экспорт 26,6%-ға қысқарды.

Тауарлар импорты 22,7%-ға қысқарып (2014 жылы 43,5 млрд. АҚШ долл.), 33,6 млрд. АҚШ долл. болды. Импортың жалпы көлемінде өнімнің барлық дерлік түрін әкелу қысқарды, бұл ретте барынша қысқарту азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары бойынша орын алды – 38,6%-ға.

Сауда балансы профицитінің айтарлықтай қысқаруына қарамастан, ағымдағы шотқа қысым ағымдағы операциялар шотының басқа құрауыштары бойынша теріс баланстардың қысқаруы есебінен төмендейді. Шикізат экспортынан кірістердің төмендеуі нәтижесінде тікелей инвестициялардан бейрезиденттердің кірістері 2014 жылы 19,8 млрд. АҚШ долларынан 2015 жылы 8,8 млрд. АҚШ долларына дейін айтарлықтай қысқарды. Сыртқы сауда операциялары көлемдерінің төмендеуі халықаралық қызметтер тапшылығының 15,0%-ға 5,4 млрд. АҚШ долларына дейін қысқаруына негіз болды.

Негізінен тікелей инвестициялау операцияларымен және ҚР Үкіметінің қаражатты тартумен қамтамасыз етілетін қаржы шоты бойынша капиталдың таза әкелінуі (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 2015 жылы 10,6 млрд. АҚШ долларын (2014 жылы 6,8 млрд. АҚШ долл.) құрады.

Шикізат тауарлары үшін жағымсыз баға конъюнктура жағдайларында шетелдік тікелей инвестициялар келуінің төмендеуі орын алады. 2015 жылы шетелдік тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі 37,5%-ға қысқарып, 14,8 млрд. АҚШ долл. болды. Қазақстан резиденттерінің тікелей инвестициялары түріндегі сыртқы активтер 3,2 млрд. АҚШ долларына ұлғайды, бұл бейрезиденттердің фирмааралық берешегінің ұлғаюына және Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік еншілес ұйымдардың капиталына салымдармен байланысты. Нәтижесінде, тікелей инвестициялардың теріс балансы (капиталдың таза әкелінуі) 3,4 млрд. АҚШ долл. (2014 жылы 4,8 млрд. АҚШ долл.) болды.

Қаржы шотының қалған құрауыштары (портфельдік және басқа инвестициялар) бойынша капиталдың таза әкелінуі негізінен ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінің 8,3 млрд. АҚШ долл. қысқаруымен, ҚР Қаржы министрлігінің 4,0 млрд. АҚШ долл. еурооблигацияларының орналасуымен және Азия Даму Банкінен 1 млрд. АҚШ долл. сомасындағы қарызды тартумен байланысты.

Капиталдың таза әкелінуі сондай-ақ Қазақстан банктерінің банктердің бейрезиденттер шығарған бағалы қағаздарын сатумен байланысты операцияларымен және банктердің шетелдік шоттардағы активтерінің азаюымен қамтамасыз етілді.

Ағымдағы операциялар шотының қалыптасқан тапшылығы қаржы шоты операцияларының есебінен, сол сияқты 2015 жылғы екінші және үшінші тоқсандарда Ұлттық Банктің резервтік активтерін пайдалану есебінен де қаржыландырылды. Тұтастай алғанда, бір жыл ішінде төлем балансының операциялары есебінен резервтік активтердің төмендеуі 0,8 млрд. АҚШ долларын құрады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) 27,9 млрд. АҚШ долл. бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 7,4 айын жабуды қамтамасыз етеді.

2015 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының сыртқы борышы бір жыл ішінде 4 млрд. АҚШ долл. (2,5%-ға) дерлік азая отырып, 153,5 млрд. АҚШ долл. болды.

Сыртқы борыштың құрылымында 7,9% немесе 12,2 млрд. АҚШ долл. мемлекеттік секторға² тиесілі, 5,2% немесе 8,0 млрд. АҚШ долл. – Банктер³ секторының сыртқы борышы,

² «Мемлекеттік басқару органдары» (Қазақстан Республикасының Үкіметі) және «Орталық Банк» (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) кіреді.

³ Екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кіреді

33,5% немесе 51,5 млрд. АҚШ долл. – тікелей инвестициялармен байланысты емес Басқа секторлардың берешегі, ал қалған 53,3% немесе 81,8 млрд. АҚШ долл. – Басқа секторлардың⁴ фирмааралық берешегі.

ҚР Үкіметінің (мемлекеттік басқару органдарының) сыртқы борышы 2015 жылы 4,0 млрд. АҚШ долл. ұлғайды, ал Банктердің сыртқы борышы және Басқа секторлардың жиынтық сыртқы міндеттемелері (фирмааралық берешекті қоса алғанда) негізінен борыштық бағалы қағаздардың құнын өтеу және теріс қайта бағалау есебінен тиісінше 2,1 млрд. АҚШ долларына және 5,7 млрд. АҚШ долларына қысқарды.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы 72,4%-бен салыстырғанда сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатынасының көрсеткіші 83,0% болды. Сыртқы борыш мөлшерінің қысқаруына және ішкі жалпы өнімнің ұлттық валютадағы құнының өсуіне қарамастан, сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қатысты көрсеткішінің нашарлауы ІЖӨ құнының доллармен есептегенде төмендеуі салдарынан орын алды.

9. Нақты айырбастау бағамы

2016 жылғы қаңтарда нақты көрсетуде теңгенің 6,3%-ға әлсіреуі орын алды (37 елдің валюталарына нақты тиімді айырбастау бағамы индексінің негізінде), ал 2014 жылдың басынан 2016 жылғы қаңтар аралығында 30,3%-ға әлсіреді.

2016 жылдың екі айының ішінде теңгенің Ресей рубліне нақты көрсетуде нығаюы (нақты айырбастау бағамы) 2,1% құрады, ал 2014 жылдың басынан 2016 жылғы ақпан аралығында теңге 0,1%-ға аздап нығайды.

Негізгі сауда әріптестердің валюталарына нақты айырбастау бағамы кестеде көрсетілген.

Кесте. Теңгенің нақты айырбастау бағамы индексінің өзгеруі

Валюта	2016 жылғы қаңтар – ақпан	2014 жылғы қаңтар – 2016 жылғы ақпан
Ресей рубліне	2,1%-ға нығаю	0,1%-ға нығаю
АҚШ долларына	8,2%-ға әлсіреу	47,3%-ға әлсіреу
Еуроға	9,9%-ға әлсіреу	33,9%-ға әлсіреу
Қытай юаніне	7,9%-ға әлсіреу	44,8%-ға әлсіреу
Белорусь рубліне	4,0% ға нығаю	9,8%-ға әлсіреу
Қырғыз сомына	2,6%-ға әлсіреу	28,5%-ға әлсіреу

⁴ Банктік емес қаржы корпорациялары, қаржылық емес корпорациялар, сондай-ақ үй шаруашылықтары мен үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар


«Бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты. Астана 2016» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы

2016 жылғы 21 сәуір

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 21 сәуірден бастап номиналдық құны 100 теңгелік, «proof» сапалы күмістен «Бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионаты. Астана 2016» ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығарады.

Осы монеталардың дизайны Қазақстанның астанасында ағымдағы жылғы мамырда өтетін бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионатының ресми эмблемасын пайдалана отырып Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.



Монетаның бет жағында (аверсінде) жоғарғы бөлігінде ұлттық ою-өрнек аясында монетаның номиналын білдіретін «100 ТЕНГЕ» деген жазу және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24 g» деген жазу, сондай-ақ Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаның төменгі бөлігінде стадионның стильдендірілген бейнесінің және мемлекеттік тілдегі «Қазақстан Республикасы» деген жазудың қоршауында Қазақстан Республикасының елтаңбасы, соғылған жылын білдіретін «2016» деген жазу бейнеленген. Бейнелер мен жазулар бедерленген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионатының ресми эмблемасы бейнеленген. Бояуы тампомөр технологиясы арқылы берілген. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Қыры (гурты) тегіс, бедері мен жазуы жоқ.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, тік бұрышы 30x45 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 1 мың дана.

Номиналдық құны 100 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталардың бүкіл 1000 дана таралымын Қазақстан бокс федерациясы сатып алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 17 шілде

№ 140

**Қазақстан Республикасының
кейбір нормативтік құқықтық
актілеріне банк қызметін реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Тізбенің 1-қосымшасының 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін реттік нөмірі 65, 67 және 95-жолдарын, Тізбенің 3-қосымшасының реттік нөмірі 45, 47 және 67-жолдарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тізбенің 1-тармағының тоқсан үшінші – тоқсан жетінші абзацтары, Тізбенің 2-тармағының елу алтыншы – алпыс бірінші абзацтары 2015 жылғы 1 тамыздан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 4-тармағы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 1-қосымшасының реттік нөмірі 86 және 87-жолдары және Тізбенің 3-қосымшасының реттік нөмірі 58 және 59-жолдары 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

**Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциялық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциялық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциялық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – банктер) сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер есебінің нормативтік мәндері мен әдістемесін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.

Банктерге және олардың еншілес ұйымдарына арналған, шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелетін пруденциялық нормативтердің нормативтік мәндері мен есептеу әдістемесі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 42-бабына сәйкес белгіленеді.»;

8 және 8-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған, Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін мерзімсіз қаржы құралдары мынадай талаптарға сәйкес қосымша капиталға енгізіледі:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – мерзімсіз қаржы құралдары сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімсіз қаржы құралдарының сомасы үстеме капиталдың есебінен алып тасталады.

Меншікті капиталдың есебіне мерзімсіз қаржы құралдарының банктің нақты алынған ақшасы мөлшеріндегі төленген сомасы қосылады.

8-1. Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін банктің төленген артықшылықты акциялары мынадай талаптарға сәйкес қосымша капиталға енгізіледі:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – төленген артықшылықты акциялар сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – төленген артықшылықты акциялар сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – төленген артықшылықты акциялар сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – төленген артықшылықты акциялар сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – төленген артықшылықты акциялар сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап төленген артықшылықты акциялардың сомасы қосымша капитал есебінен алып тасталады.

Меншікті капиталдың есебіне төленген артықшылықты акциялардың банктің нақты алынған ақшасы мөлшеріндегі сомасы қосылады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Екінші деңгейдегі капитал:

банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы шегерілген реттелген борыштың;

Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестициялар шегерілген сомасы ретінде есептеледі.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдауға жататын банк үшін реттелген борыш екінші деңгейдегі капиталға сот шешімімен айқындалған қайта құрылымдау жүргізу мерзімі аяқталған күнінен бастап бес жыл ішінде банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы шегеріле отырып, бірінші деңгейдегі капитал сомасының 75 (жетпіс бес) пайызынан аспайтын сомада енгізіледі.

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған, Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін реттелген борыш мөлшері мынадай талаптарға сәйкес екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізіледі:

ұлттық валютада:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасындағы реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капитал есебінен алып тасталады;

шетел валютасында:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 40 (қырық) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасындағы реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капитал есебінен алып тасталады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде 5 (бес) жылды құрайтын өтеу мерзімі бар реттелген борыш мөлшерінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілетін мөлшерде екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізілуі жалғасады және жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызына төмендейді.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшері (P), оның ішінде банктің, мынадай:

1) қарыздар, салымдар, дебиторлық берешектер, бағалы қағаздар (Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда);

2) Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер;

3) қарыз алушыларға қатысты, банкте секьюритилендірудің шектеулі тәсілін қолдануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ секьюритирлендірілген активтер;

4) секьюритилендіру позициялары;

5) аталған қаржы құралдары мен олар бойынша кредиттік тәуекелдің нарықтық құнының сомасы ретінде есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген своптар, фьючерстер, опциондар, форвардтар түріндегі талаптар сомасы ретінде есептеледі.

Своп, фьючерс, опцион және форвард операциялары бойынша кредиттік тәуекел көрсетілген қаржы құралдарының номиналдық құнының Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген және аталған қаржы құралдарын өтеу мерзімімен анықталатын кредиттік тәуекел коэффициентіне туындысы ретінде есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының нарықтық құны (ауыстыру құны) мынаны білдіреді:

сатып алуға арналған мәмілелер бойынша – қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнының осы қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құнынан асу шамасын. Егер қаржы құралының ағымдағы нарықтық құны оның номиналдық келісімшарттық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады;

сатуға арналған мәмілелер бойынша – қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құнының осы қаржы құралының ағымдағы нарықтық құнынан асу шамасы. Егер қаржы құралының номиналдық келісімшарттық құны оның ағымдағы нарықтық құнынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Бивалюталық қаржы құралдары (талап пен міндеттеме әртүрлі шетел валютасында көрсетілген қаржы құралдары) бойынша ауыстыру құны талаптардың теңгелік баламасының есептілікті жасау күні белгіленген бағам бойынша айқындалған міндеттемелердің теңгелік баламасынан асу шамасы ретінде анықталады. Егер талаптардың теңгелік балама шамасы міндеттемелердің теңгелік баламасынан аз немесе оған тең болған жағдайда, ауыстыру құны нөлге тең болады.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдарының номиналдық келісімшарттық құны қаржы құралдарының бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында мәмілелер жасау күні көрсетілген құны болып табылады. Бивалюталық қаржы құралдарының номиналдық келісімшарттық құны ретінде банкте талаптар қалыптастырылатын валюта алынады.

Сатылған опциондар бір қарыз алушыға арналған тәуекел мөлшеріне енгізілмейді;

6) «Стресттік активтер қоры» акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясымен секьюритизация мәмілелері бойынша кредиттер;

7) корреспонденттік шоттар бойынша Қазақстан Республикасының резидент банктеріне және Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріне қойылған, Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған талаптар түріндегі талаптар;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер сомалары, сондай-ақ қарыз алушының:

осы міндеттеменің қамтамасыз етуі ретінде банктің иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «АА»-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

банк сатып алған бағалы қағаздар бойынша банктің кепілдіктері түрдегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомалары шегеріле отырып есептеледі.

Бір қарыз алушыға арналған тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына, «Стрестік активтер қоры» акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, банктің банк балансынан есептен шығарылған қарыз алушыға қойылатын талаптары, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес резервтердің 100 (бір жүз) пайызы қалыптастырылған қарыз алушыға қойылатын талаптар;

банктің еншілес банкке қоятын талаптары;

банктің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұрын еншілес банк болып табылған, қайта құрылымдауды және бір мезгілде активтер мен міндеттемелерді негізгі банкке беру бойынша операцияны жүзеге асыратын заңды тұлға бойынша қоятын талаптары.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. к4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті шетел валютасындағы өтімділігі жоғары активтердің орташа айлық мөлшерінің осы шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда жеті күнге дейінгі қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

к4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтелгенге дейін жеті күнге дейінгі қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне банктің шетел валютасындағы, өтелгенге дейін жеті күнге дейінгі қалған мерзімі бар, 100 (бір жүз) пайызға тең конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелері кіреді.

к4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда бір айға дейінгі қалған мерзімі бар мерзімді өтімді активтердің орташа айлық мөлшерінің осы шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда бір айға дейінгі қалған мерзімі бар міндеттемелердің орташа айлық мөлшерінің қатынасы ретінде есептеледі.

к4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда бір айға дейінгі қалған мерзімі бар міндеттемелердің мөлшеріне банктің шетел валютасындағы, өтелгенге дейін бір айға дейінгі қалған мерзімі бар 90 (тоқсан) пайызға тең конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелері кіреді.

к4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда үш айға дейінгі қалған мерзімі бар өтімді активтердің орташа айлық мөлшерінің осы шетел валютасындағы, өтелгенге дейін

қоса алғанда үш айға дейінгі қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің орташа айлық мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

к4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеу кезінде шетел валютасындағы, өтелгенге дейін қоса алғанда үш айға дейінгі қалған мерзімі бар мерзімді міндеттемелердің мөлшеріне банктің шетел валютасындағы, өтелгенге дейін үш айға дейінгі қалған мерзімі бар, 80 (сексен) пайызға тең конверсиялау коэффициентіне көбейтілген мерзімді міндеттемелері кіреді.»;

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Өтімділігі жоғары активтердің есебіне мыналар кіреді:

1) қолма-қол ақша;
2) орталық депозитарийдің шоттарындағы меншікті ақша;
3) клирингтік ұйымның шоттарындағы кепілдік берілген, банктің маржалық жарналары болып табылатын меншікті ақша;

4) тазартылған бағалы металдар;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар;

6) Ұлттық Банктегі, Қазақстан Республикасының банктеріндегі және Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес ұзақмерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктердегі талап етуге дейінгі салымдар;

7) Қазақстан Республикасының банктерінде, сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес банктерде бір түнге орналастырылған салымдар;

8) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8594 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Рейтингтік агенттіктерді және банктер мәмілелерін жүзеге асыра алатын облигацияларға арналған ең төменгі талап етілетін рейтингіні белгілеу туралы» 2013 жылғы 28 маусымдағы № 141 қаулысында (бұдан әрі – № 141 қаулы) белгіленген деңгейден төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз ұзақмерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары;

9) «BBB-»-тен төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе «Baa3» төмен емес (Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингі бар шетелдік эмитенттердің облигациялары;

10) Ұлттық Банктегі күнтізбелік 7 күнге дейінгі өтеу мерзімі бар мерзімді депозиттер;

11) Standard & Poor's рейтинг агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес ұзақмерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес банктеріне берілген «овернайт» қарыздары.»;

мынадай мазмұндағы 43-2-тармақпен толықтырылсын:

«43-2. Банктің баланстық шоттарында есепке алынған валюталық своп операциялары бойынша талаптардың сомасы, егер осы мәмілелер бойынша міндеттемелер банктің баланстық шоттарында есепке алынған және мерзімді өтімділік коэффициенттерінің есебіне енгізілген жағдайда, өтімділігі жоғары активтердің есебіне кіреді.»;

6-тарау алып тасталсын;

53-6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53-6. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылтайшысы болып табылатын банктерді қоспағанда, банктер меншікті және ішкі активтерге тартылған қаражатын ішкі

активтердің меншікті капиталдың, реттелген борыштың, мерзімсіз қаржы құралдарының, банк шетел валютасымен шығарған борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда, банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың және ішкі міндеттемелердің сомасы 1-ден кем болмайтындай етіп орналастырады.»;

53-8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53-8. Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті есептеу кезінде халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) ескеріле отырып есептелген ішкі активтер, банктің ішкі міндеттемелері, реттелген борыш, мерзімсіз қаржы құралдары және мерзімі өткен берешекті, есептелген сыйақыны, дисконттарды, сыйақыларды, оң (теріс) түзетулерді қоса алғанда банк шығарған борыштық бағалы қағаздар, есепті айдың соңындағы меншікті капитал пайдаланылады.

Банктер қаражатының бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу мақсаттары үшін меншікті капитал бухгалтерлік баланстың деректеріне сәйкес, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының резиденті емес еншілес ұйымдардың реттелген борышына инвестициялар мөлшерінен аспайтын Қазақстан Республикасының резиденті емес еншілес ұйымдардың реттелген борышына инвестициялар шегеріле отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті емес еншілес ұйымдардың акцияларына инвестициялар шегеріле отырып, баланстық меншікті капитал мәнінің 0,85-ке көбейтілген мөлшерінде пайдаланылады.»;

1-қосымша Қазақстан Республикасының банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Ислам банктеріне арналған пруденциялық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5670 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Ислам банктеріне арналған пруденциялық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Ислам банктеріне арналған нормативтік мәндер және пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) ислам банктеріне (бұдан әрі – банктер) арналған пруденциялық нормативтерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.

Пруденциялық нормативтердің құрамына мыналар кіреді:

банктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері;

меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті;

бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері;

өтімділік коэффициенті;

ашық валюталық позиция лимиттері;

банктің негізгі қаражатқа және басқа қаржылық емес активтерге инвестицияларының ең жоғарғы мөлшерінің коэффициенті;

банктерді Қазақстан Республикасының резидент еместер алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру;

банк қаражатының бөліктерін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті.

Банктерге және олардың еншілес ұйымдарына арналған, шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелетін пруденциялық нормативтердің нормативтік мәндері мен есептеу әдістемесі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 42-бабына сәйкес белгіленеді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банк акционерлерден меншікті акцияларды, егер сатып алу уәкілетті орган белгілеген кез келген пруденциялық нормативтерді және басқа да сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді бұзуға алып келмейтін жағдайда ғана сатып алады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Екінші деңгейдегі капитал:

банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы шегерілген реттелген борыштың;

Нұсқаулықтың 4-1-тармағында көрсетілген инвестициялар шегерілген сомасы ретінде есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған, Нұсқаулықтың 1-1-қосымшасында белгіленген критерийлерге сәйкес келмейтін реттелген борыш мөлшері мынадай талаптарға сәйкес екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізіледі:

ұлттық валютада:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – ұлттық валютадағы реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасындағы реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капитал есебінен алып тасталады;

шетел валютасында:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 80 (сексен) пайызы мөлшерінде;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 60 (алпыс) пайызы мөлшерінде;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 40 (қырық) пайызы мөлшерінде;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – шетел валютасындағы реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасындағы реттелген борыш сомасы екінші деңгейдегі капитал есебінен алып тасталады.

2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде 5 (бес) жылды құрайтын өтеу мерзімі бар реттелген борыш мөлшерінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша енгізілетін мөлшерде екінші деңгейдегі капитал есебіне енгізілуі жалғасады және жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша реттелген борыш сомасының 20 (жиырма) пайызына төмендейді.»;

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшері (Р) банктің барлық талабының (Нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген инвестицияларды қоспағанда), оның ішінде корреспонденттік шоттар бойынша Қазақстан Республикасының резидент банктеріне және

Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріне қойылған, Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес сараланған, шартты және ықтимал міндеттемелері, Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген талаптардың:

қарыз алушыға қойылатын:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің сомаларды, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

осы міндеттеменің қамтамасыз етуі ретінде банк өкіміне ұсынылған салымдар түріндегі қамтамасыз ету сомасы;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «АА»-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері түріндегі талаптар шегеріле отырып есептеледі.

Бір қарыз алушының тәуекел есебіне Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына қойылатын талаптар, банктің банк балансынан есептен шығарылған қарыз алушысына қойылатын талаптар, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 100% (бір жүз) пайыз резервтер қалыптастырылған қарыз алушыға қойылатын талаптар енгізілмейді.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 2-тармағының 8) тармақшасы, 3-тармағының 8) тармақшасы 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және ертерек ден қою шараларын қолдану тәртібін және екінші деңгейдегі банктің (бұдан әрі – банк) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін белгілейді.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтаған жағдайда банкке ертерек ден қою шараларын қолданады.

2. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторлар

2. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторлар мыналар болып табылады:

- 1) өтімділік коэффициенттерінің төмендеуі;
- 2) банк міндеттемелері сомасындағы жеке және заңды тұлғалардан тартылған салымдар үлесінің төмендеуі;
- 3) банктің несие портфелінің жалпы көлеміндегі негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың ұлғаюы;
- 4) таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының ұлғаюы;
- 5) жеке және заңды тұлға клиенттерге берілген қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды және «кері РЕПО» операцияларын қоспағанда) кредиттеудің негізгі бағыты (бағыттары) саласы (салалары) бойынша жіктелген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы үлесінің ұлғаюы;
- 6) жеке және заңды тұлға клиенттерге берілген қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды және «кері РЕПО» операцияларын қоспағанда) коммерциялық және тұрғын үй жылжымайтын мүлікті сатып алу мен салуға берілген қарыздардың және ипотекалық тұрғын үй қарыздарының өтелмеген негізгі борышы үлесінің ұлғаюы;
- 7) кредиттер бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша жеке тұлғалар үшін күнтізбелік тоқсан күннен астам және (немесе) заңды тұлғалар үшін күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың ұлғаюы;

8) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар, қалыптастырылған резервтер ескерілмеген қарыздардың банктің несие портфелінің қалыптастырылған резервтер ескерілмеген жалпы көлеміне қатынасының асып кетуі;

9) ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жіктелген дебиторлық берешектің ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жиынтық дебиторлық берешектегі үлесінің ұлғаюы;

10) жиынтық активтердегі кіріс келтіретін активтер үлесінің азаюы;

11) активтер рентабельділігі коэффициентінің азаюы;

12) таза пайыздық маржаның азаюы;

13) спрэдтың төмендеуі;

14) операциялық шығыстардың кірістердің жиынтық сомасына қатынасының ұлғаюы.

Резервтер деп халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылған резервтер түсініледі.

Жіктелген қарыздар деп бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан жоғары деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздар түсініледі.

Қарыздар есебіне (жіктелген, жиынтық) негізгі борыш сомасы енгізіледі, таза жіктелген қарыздар есебіне қарыздардың (дисконттар (сыйлықақылар), оң (теріс) түзетулер, есептелген сыйақы және олар бойынша құрылған резервтер ескерілген негізгі борыш) баланстық құны енгізіледі.

3. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесі

3. Банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін, Қағидалардың 2-тармағында көзделген факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) өтімділік коэффициенттерінің қатарынан алты ай ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысында (бұдан әрі – № 358 қаулы) белгіленген өтімділік коэффициенттерінің ең төменгі мәндерінен 0,1-ге асатын деңгейге дейін немесе одан төмен деңгейге екі және одан көп рет төмендеуі;

2) қаралатын кезеңнің басында жеке және заңды тұлғалар салымдарының қатынасы банк міндеттемелерінен елу пайыздан астам болу шартымен соңғы алты айдың ішінде басқа банктердің салымдарын және арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың (бұдан әрі – SPV) салымдары ескермеген банк міндеттемелері сомасындағы жеке және заңды тұлғалардан тартылған салымдардың (оның ішінде ағымдағы шоттардың) жиырма және одан көп пайыздық тармаққа төмендеуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{C_{(6)} - C_{(0)}}{M_{(6)} - M_{(0)}} \leq -20 \text{ пайыздық тармақ } C_{(0)} > 50\% M_{(0)} \text{ болған кезде,}$$

мұндағы:

$C_{(ай)}$ – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай басқа банктердің салымдары және SPV салымдары ескерілмеген жеке және заңды тұлғалардан тартылған салымдар (оның ішінде ағымдағы шоттар);

$M_{(ай)}$ – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы жиынтық міндеттемелер;

3) банктің несие портфеліндегі, ол бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген, банктің несие портфеліндегі негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың қатарынан алты ай ішінде қарыздардың ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{МҚ90_{(6)}}{НП_{(6)}} > \frac{МҚ90_{(5)}}{НП_{(5)}} > \frac{МҚ90_{(4)}}{НП_{(4)}} > \frac{МҚ90_{(3)}}{НП_{(3)}} > \frac{МҚ90_{(2)}}{НП_{(2)}} > \frac{МҚ90_{(1)}}{НП_{(1)}} > \frac{МҚ90_{(0)}}{НП_{(0)}},$$

мұндағы:

МҚ90(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңында олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары);

НП(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңында олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген несие портфелі (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары).

Қаралатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{МҚ90_{(6)}}{НП_{(6)}} - \frac{МҚ90_{(0)}}{НП_{(0)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ};$$

4) есепті кезеңнің соңына қарай таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталдың сексен пайызынан астам болуы шартымен және ол бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген, қаралатын кезеңде абсолютті мәнінде жіктелген қарыздардың, өсу мөлшерінің резервтердің өсу мөлшерінен асуы шартымен қатарынан алты ай ішінде таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{ТЖҚ_{(6)}}{МК_{(6)}} > \frac{ТЖҚ_{(5)}}{МК_{(5)}} > \frac{ТЖҚ_{(4)}}{МК_{(4)}} > \frac{ТЖҚ_{(3)}}{МК_{(3)}} > \frac{ТЖҚ_{(2)}}{МС_{(2)}} > \frac{ТЖҚ_{(1)}}{МК_{(1)}} > \frac{ТЖҚ_{(0)}}{МК_{(0)}},$$

мынадай талаппен:

$$ТЖҚ_{(6)} > 80\%МК_{(6)} \text{ және } (ЖҚБ_{(6)} - ЖҚБ_{(0)}) > (Пр_{(6)} - Пр_{(0)}),$$

мұндағы:

ТЖҚ(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы таза жіктелген қарыздар (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздар, жеке тұлғаларға берілген қарыздар,

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары);

МК(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы, № 358 қаулыға сәйкес есептелген меншікті капитал;

ЖҚБ(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген жіктелген қарыздар (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздар, жеке тұлғаларға берілген қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға берілген қарыздар және «кері РЕПО» операциялары);

Пр(ай) – жіктелген қарыздар бойынша құрылған резервтердің қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы мөлшері;

5) жеке және заңды тұлға клиенттерге берілген жиынтық қарыздардағы (дара кәсіпкерлерге қарыздарды, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескерілмеген кредиттеудің негізгі бағыты (бағыттары) саласы (салалары) бойынша олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген жіктелген қарыздар үлесінің қатарынан алты ай ішінде ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{НЖҚ_{(6)}}{ЖҚ_{(6)}} > \frac{НЖҚ_{(5)}}{ЖҚ_{(5)}} > \frac{НЖҚ_{(4)}}{ЖҚ_{(4)}} > \frac{НЖҚ_{(3)}}{ЖҚ_{(3)}} > \frac{НЖҚ_{(2)}}{ЖҚ_{(2)}} > \frac{НЖҚ_{(1)}}{ЖҚ_{(1)}} > \frac{НЖҚ_{(0)}}{ЖҚ_{(0)}}$$

$$\frac{ҚО_{(6)}}{ЖҚ_{(6)}} \geq 20\% \text{ болған кезде,}$$

мұндағы:

НЖҚ(ай) – қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы кредиттеудің негізгі бағыты (бағыттары) саласы (салалары) бойынша олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген жіктелген қарыздар;

ЖҚ(ай) – жеке және заңды тұлға клиенттерге берілген, қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңындағы олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген жиынтық қарыздар;

ҚО(ай) – жеке және заңды тұлға клиенттерге жиынтық қарыздардағы (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер мен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда) олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген үлесі қаралатын кезеңнің соңына қарай жиырма және одан көп пайыз болатын, жеке тұлғаларға берілген, олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген қарыздар, не шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне (дара кәсіпкерлерді қоса алғанда) берілген, олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген қарыздар, не бір саладағы заңды тұлғаларға берілген олар бойынша қалыптастырылған резервтер ескерілмеген қарыздар (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда).

Қаралатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{НЖҚ_{(6)}}{НЖҚ_{(0)}}$$

$$\frac{\text{-----}}{\text{ЖК}_{(6)}} - \frac{\text{-----}}{\text{ЖК}_{(0)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ;}$$

б) қатарынан алты ай ішінде олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жеке және заңды тұлғалар - клиенттерге жиынтық қарыздардағы (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде коммерциялық және тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу мен салуға берілген қарыздардың және ипотекалық тұрғын үй қарыздары үлесінің ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{K_{(6)}}{\text{ЖК}_{(6)}} > \frac{K_{(5)}}{\text{ЖК}_{(5)}} > \frac{K_{(4)}}{\text{ЖК}_{(4)}} > \frac{K_{(3)}}{\text{ЖК}_{(3)}} > \frac{K_{(2)}}{\text{ЖК}_{(2)}} > \frac{K_{(1)}}{\text{ЖК}_{(1)}} > \frac{K_{(0)}}{\text{ЖК}_{(0)}},$$

$$\frac{K_{(6)}}{\text{ЖК}_{(6)}} > 20\% \text{ болған кезде,}$$

мұнда:

$K_{(ай)}$ - қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде коммерциялық және тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу мен салуға берілген қарыздар және ипотекалық тұрғын үй қарыздары;

$\text{ЖК}_{(ай)}$ – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде клиенттерге жеке тұлғаларға (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда) және заңды тұлғаларға (шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда) жиынтық қарыздар.

Осы көрсеткіш есебіне олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жеке және заңды тұлғалар - клиенттерге жиынтық қарыздардағы (банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда, дара кәсіпкерлерге қарыздарды, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда) үлесі қарастырылатын кезеңнің соңына қарай жиырма пайыздан көп болатын, олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде коммерциялық және тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу мен салуға берілген қарыздар және ипотекалық тұрғын үй қарыздары кіргізіледі.

Қарастырылатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{K_{(6)}}{\text{ЖК}_{(6)}} - \frac{K_{(0)}}{\text{ЖК}_{(0)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ;}$$

7) есепті кезеңде олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жеке және (немесе) заңды тұлғалар үшін қарыздар бойынша негізгі борыш және (немесе)

есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың бес және одан көп пайызға ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ЖМҚ } 90_{(6)} - \text{ЖМҚ } 90_{(0)}}{\text{ЖМҚ } 90_{(0)}} \geq 5\% \text{ және (немесе) } \frac{\text{ЗМҚ } 90_{(6)} - \text{ЗМҚ } 90_{(0)}}{\text{ЗМҚ } 90_{(0)}} \geq 5\%,$$

мұнда:

ЖМҚ 90 – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша кредиттер бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғалардың қарыздары (дара кәсіпкерлердің қарыздарын қоса алғанда);

ЗМҚ 90 – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша кредиттер бойынша күнтізбелік отыз күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заңды тұлғалардың қарыздары (шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды қоспағанда);

8) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде банктің несие портфелінің жалпы көлеміне қатынасының асып кетуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ТҚ}}{\text{НП}} \geq 20\%,$$

НП

мұнда:

ТҚ – қарастырылатын кезеңнің соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары).

ТҚ-ға «А-»-дан төмен емес (Standard & Poor's және Fitch рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе «А3»-тен төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) рейтингі бар және банктік холдинг немесе банкке қатысты ірі қатысушы болып табылмайтын банктің осы қарыздары бойынша болған құнсыздануды сөзсіз қамтамасыз ету болып табылатын депозит сомасына жабылған негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар кірмейді;

НП – қарастырылатын кезеңнің соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде несие портфелі (дара кәсіпкерлерге қарыздарды қоса алғанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қарыздар, жеке тұлғаларға қарыздар, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қарыздарды қоса алғанда, заңды тұлғаларға қарыздар және «кері РЕПО» операциялары).

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығында көрсетілген арақатынас 15 (он бес) пайыздан жоғары емес болады;

9) қатарынан алты ай ішінде ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жиынтық дебиторлық берешектегі ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жіктелген дебиторлық берешек үлесінің ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{ЖДБ_{(6)}}{ДБ_{(6)}} > \frac{ЖДБ_{(5)}}{ДБ_{(5)}} > \frac{ЖДБ_{(4)}}{ДБ_{(4)}} > \frac{ЖДБ_{(3)}}{ДБ_{(3)}} > \frac{ЖДБ_{(2)}}{ДБ_{(2)}} > \frac{ЖДБ_{(1)}}{ДБ_{(1)}} > \frac{ЖДБ_{(0)}}{ДБ_{(0)}},$$

мұнда:

ЖДБ (ай) – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жіктелген дебиторлық берешек;

ДБ (ай) – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жиынтық дебиторлық берешек.

Қарастырылатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{ЖДБ_{(6)}}{ДБ_{(6)}} - \frac{ЖДБ_{(0)}}{ДБ_{(0)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ.}$$

Жіктелген дебиторлық берешек ретінде бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан жоғары деңгейде резервтер қалыптастырылған дебиторлық берешек түсініледі.

Жіктелген дебиторлық берешек есебіне негізгі борыш енгізіледі.

Егер жиынтық дебиторлық берешектің төмендеуі нәтижесінде жиынтық дебиторлық берешектегі жіктелген дебиторлық берешектің үлесі ұлғайған жағдайда, осы тармақшада көзделген фактор банкке қолданылмайды;

10) қатарынан алты ай ішінде кіріс келтіретін активтердің жиынтық активтердегі үлесінің азаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{КА_{(6)}}{А_{(6)}} < \frac{КА_{(5)}}{А_{(5)}} < \frac{КА_{(4)}}{А_{(4)}} < \frac{КА_{(3)}}{А_{(3)}} < \frac{КА_{(2)}}{А_{(2)}} < \frac{КА_{(1)}}{А_{(1)}} < \frac{КА_{(0)}}{А_{(0)}},$$

мұнда:

КА (ай) – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай кіріс келтіретін активтер;

А (ай) – қарастырылатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай жиынтық активтер.

Қарастырылатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан да көп пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{КА_{(6)}}{А_{(6)}} - \frac{КА_{(0)}}{А_{(0)}} \leq -5 \text{ пайыздық тармақ;}$$

11) соңғы алты ай ішінде активтер рентабельділігі коэффициентінің бір және одан астам пайыздық тармаққа азаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA_{(6)} - ROA_{(1)} \leq -1 \text{ пайыздық тармақ.}$$

Активтер рентабельділігінің коэффициенті жылдық мәндегі бөлінбеген таза кірістің (орны толтырылмаған шығынның) активтердің орташа шамасына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA_{(n)} = \frac{\text{БТК (ОТШ)}_{(n)}}{\text{Аорт}_{(n)}} * K_T,$$

мұнда:

БТК (ОТШ)_(n) – табыс салығы төленгеннен кейін ағымдағы кірістердің (шығыстардың) ағымдағы шығыстардан (кірістерден) асуы;

Аорт_(n) – белгілі бір қарастырылатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

K_T – мынадай формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті:

$$T_k = \frac{12}{A},$$

мұнда А – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны.

Активтердің орташа шамасы тиісті жылдың өткен айларындағы активтер мөлшері сомасының тиісті жылдың өткен айларының санына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Аорт}_{(n)} = \frac{A_{(0)} + A_{(1)} + \dots + A_{(n)}}{n+1},$$

мұнда:

Аорт_(n) – белгілі бір қарастырылатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

А (0, 1...n) - белгілі бір айдың соңына қарай активтердің мөлшері;

n – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны;

12) соңғы алты ай ішінде таза пайыздық маржаның бір және одан астам пайыздық тармаққа азаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ТПМ \%_{(6)} - ТПМ \%_{(1)} \leq - 1 \text{ пайыздық тармақ.}$$

Таза пайыздық маржа жылдық мәндегі банктің таза пайыздық кірісінің (сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды шегергенде, сыйақы алуға байланысты кірістер) активтердің орташа шамасына қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ТПМ\%(n) = \frac{TK(n)}{\text{Аорт}(n)} * K_T,$$

мұнда:

ТПМ%(n) – таза пайыздық маржа;

TK(n) – мынадай формула бойынша есептелетін таза кіріс:

$$TK_{(n)} = Kc\%_{(n)} - Шс\%_{(n)},$$

мұнда:

$Kc\%(n)$ – тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы алуға байланысты кірістер;

$Шс\%(n)$ – тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

$A_{орт}(n)$ – белгілі бір қарастырылатын кезеңдегі активтердің орташа шамасы;

TK - мынадай формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті:

$$K_T = \frac{12}{A},$$

мұнда A – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны.

Сыйақы алуға байланысты кірістерге мыналар кіреді:

корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістерді, басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын оң түзету түріндегі кірістерді, басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын оң түзету түріндегі кірістерді, басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістерді, басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістерді қоспағанда);

басқа банктерге берілген қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (басқа банктерге берілген қарыздар бойынша комиссиялық сыйақыны, басқа банктерге берілген қарыздың құнын оң түзету түріндегі кірістерді, басқа банктерден алынған қарыздың құнын теріс түзету түріндегі кірістерді қоспағанда);

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздың құнын оң түзету түріндегі кірістерді, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздың құнын теріс түзету түріндегі кірістерді, шетелдік филиалдармен есеп айырысулар бойынша кірістерді қоспағанда);

банктің клиенттерге талаптары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (клиенттерге берілген қарыздың құнын оң түзету түріндегі кірістерді, Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан және халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздың құнын теріс түзету түріндегі кірістерді, клиенттерден тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістерді, клиенттерден тартылған шартты салымның құнын теріс түзету түріндегі кірістерді, сенімгерлік (траст) басқаруға берілген қаржылық активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістерді қоспағанда);

сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер (айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі

кірістерді, айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі кірістерді қоспағанда);

бағалы қағаздармен жасалатын «Кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

капиталға және реттелген борышқа инвестициялар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

өтеуге дейін ұстап қалынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

«қарыздар және дебиторлық берешек» санатындағы өзге борыштық құралдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер;

13) соңғы алты ай ішінде спрэдтың бір және одан астам пайыздық тармаққа төмендеуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Спрэд}_{(6)} - \text{Спрэд}_{(1)} \leq -1 \text{ пайыздық тармақ.}$$

Банк спрэды жылдық мәндегі сыйақы алуға байланысты кірістердің кіріс келтіретін орташа активтерге қатынасының және жылдық мәндегі сыйақы төлеуге байланысты шығыстардың шығыстарға әкеп соқтыратын орташа міндеттемелерге қатынасының арасындағы айырма ретінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Спрэд}_{(n)} = \frac{K_c\%(n)}{KA(\text{орт})_{(n)}} * T_k - \frac{Ш_c\%(n)}{ШМ(\text{орт})_{(n)}} * T_k,$$

мұнда:

$K_c\%(n)$ – тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы алуға байланысты кірістер;

$Ш_c\%(n)$ – тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

T_k – мынадай формула бойынша есептелетін түзету коэффициенті:

$$T_k = \frac{12}{A},$$

мұнда A – тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны;

$KA_{\text{орт}(n)}$ – мынадай формула бойынша есептелетін, белгілі бір қарастырылатын кезеңдегі кіріс келтіретін активтердің орташа шамасы:

$$KA_{\text{орт}(n)} = \frac{KA_{(0)} + KA_{(1)} + \dots + KA_{(n)}}{n+1},$$

мұнда:

$KA_{(0,2,\dots,n)}$ - белгілі бір айдың соңында кіріс келтіретін активтер;

n - тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны;

$ШМ_{\text{орт}(n)}$ - мынадай формула бойынша есептелетін, белгілі бір қарастырылатын кезеңдегі шығыстарға әкеп соқтыратын міндеттемелердің орташа шамасы:

$$ШМ_{\text{орт}(n)} = \frac{ШМ_{(0)} + ШМ_{(1)} + \dots + ШМ_{(n)}}{n+1},$$

мұнда:

$ШМ_{(0, 1, \dots, n)}$ - белгілі бір айдың соңына қарай шығыстарға әкеп соқтыратын міндеттемелер;

n - тиісті қаржы жылының басынан бастап өткен айлар саны.

Кіріс келтіретін активтерге (КА) мыналар кіреді:

корреспонденттік шоттар;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар;

пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар;

басқа банктерде орналастырылған салымдар;

басқа банктерге берілген қарыздар;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздар және қаржы лизингі;

клиенттерге қойылатын талаптар;

сату үшін қолда бар бағалы қағаздар;

бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары;

капиталға инвестициялар және реттелген борыш;

өтеуге дейін ұстап қалынатын бағалы қағаздар;

«қарыздар және дебиторлық берешек» санатындағы өзге борыштық құралдар.

Кіріс келтіретін активтер халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (IFRS) бойынша резервтер шегеріле отырып, сондай-ақ дисконттар (сыйлықақылар) мен оң (теріс) түзетулер ескеріле отырып есепке алынады.

Шығыстарға әкеп соқтыратын міндеттемелерге (ШМ) мыналар кіреді:

корреспонденттік шоттар;

басқа банктердің талап етуге дейінгі салымдары;

Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған қарыздар;

халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар;

басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар;

овернайт қарыздары;

мерзімді салымдар;

клиенттер алдындағы міндеттемелер;

бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары;

айналысқа шығарылған бағалы қағаздар;

реттелген борыштар.

Шығыстарға әкеп соқтыратын міндеттемелер бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарға мыналар кіреді:

корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қарыздың құнын оң түзету түріндегі шығыстарды қоспағанда);

халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздың құнын оң түзету түріндегі шығыстарды қоспағанда);

басқа банктерден алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (басқа банктерден алынған қарыздың құнын оң түзету түріндегі шығыстарды, басқа банктерге берілген қарыздың құнын теріс түзету түріндегі шығыстарды қоспағанда);

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздың құнын оң түзету түріндегі шығыстарды, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздың құнын теріс түзету түріндегі шығыстарды қоспағанда);

басқа банктермен операциялар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;
овернайт қарыздары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

басқа банктердің салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын теріс түзету түріндегі шығыстарды, басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын теріс түзету түріндегі шығыстарды, басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын оң түзету түріндегі шығыстарды, басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын оң түзету түріндегі шығыстарды қоспағанда);

клиенттердің талаптары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (сенімгерлікпен басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды, клиенттермен өзге операциялар бойынша мерзімі өткен берешек бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды, алынған қаржы лизингі бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды, мерзімінде орындалмаған нұсқаулар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстарды, қабылданған салымдар бойынша комиссиялық сыйақыны, клиенттерге берілген қарыздың құнын теріс түзету түріндегі шығыстарды, есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды, клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды қоспағанда);

бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынған сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды, сату үшін қолда бар сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды, өтеуге дейін ұстап қалынатын сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды, «қарыздар және дебиторлық берешек» санатындағы өзге борыштық құралдар бойынша сыйлықақы амортизациясы жөніндегі шығыстарды қоспағанда);

реттелген борыш бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар;

14) соңғы алты ай ішінде операциялық шығыстардың сыйақы алуға байланысты кірістердің және сыйақы алуға байланысты емес кірістердің сомасына қатынасының бес және одан астам пайыздық тармаққа ұлғаюы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ОПШ}_{(6)}}{\text{Кс}\%_{(6)} + \text{Ксбе}\%_{(6)}} - \frac{\text{ОПШ}_{(1)}}{\text{Кс}\%_{(1)} + \text{Ксбе}\%_{(1)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ,}$$

мұнда:

ОПШ(ай) - тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі операциялық шығыстар;

Кс%(ай) - тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы алуға байланысты кірістер;

Ксбе%(ай) - тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақы алуға байланысты емес кірістер.

Операциялық шығыстарға (ОПШ) мыналар кіреді:

еңбекке ақы төлеу және міндетті аударымдар бойынша шығыстар;

жалпы шаруашылық шығыстар («Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды аудару бойынша шығыстарды қоспағанда);

табыс салығынан басқа, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

амортизациялық аударымдар;

негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді өтеусіз беруден және тауарлық-материалдық қорларды сатудан, өзге инвестициялардан болған шығыстар;

тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

жалдау шығыстары.

Сыйақы алуға байланысты емес кірістер осы тармақтың 12) тармақшасында көрсетілген, сыйақы алуға байланысты кірістерді, сондай-ақ резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістерді қоспағанда, кірістерді қамтиды.

Есепті күні аяқталатын кезең қарастырылатын кезең болып табылады. Көрсеткіштерді есептеу кезінде өзгерістер үтірден кейін үш таңбамен беріледі.

Осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларының талаптары «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына қолданылмайды.

Осы тармақтың 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларының талаптары №358 қаулыда белгіленген негізгі капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_1) меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің 0,10 төмен және меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің 0,13 төмен банкке қолданылады.

Қағидалардың талаптары Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау барысындағы банктерге қолданылмайды.

4. Уәкілетті орган банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау үшін ай сайын реттеушілік есептілік дерекқоры негізінде банктің қаржылық жай-күйіне талдау жасайды.

5. Банктің қаржылық жай-күйіне талдау жасау нәтижесінде және (немесе) оған тексеру жүргізу қорытындылары бойынша Қағидалардың 2-тармағында көзделген факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган банкке және (немесе) оның акционерлеріне банктің қаржылық орнықтылығын аттыру, оның қаржылық жай-күйінің нашарлауына және банк қызметімен байланысты тәуекелдердің өсуіне жол бермеу бойынша ертерек ден қою шаралары көзделетін іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) ұсыну жөнінде жазбаша нысанда талапты жібереді.

Банк және (немесе) оның акционерлері уәкілетті органның талабын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторды толық талдауды;

осы фактордың болжамы, осындай болжамның негіздемесі және банктің қызметіне тигізетін жағымсыз әсері;

осы факторды жақсарту шаралары, яғни оны банктің қызметі үшін қауіп төндірмейтін (қосымша тәуекелдер) деңгейге дейін жеткізу;

іс-шаралар жоспарының орындалу мерзімдері (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындалу мерзімдері көрсетіле отырып);

іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты лауазымды тұлғалар қамтылатын іс-шаралар жоспарын әзірлеп, уәкілетті органға ұсынады.

Уәкілетті орган банк және (немесе) оның акционерлері ұсынған іс-шаралар жоспарын қарайды.

Уәкілетті орган банк және (немесе) оның акционерлері қарауға ұсынған іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган мен банк іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді. Бұл ретте банк уәкілетті органның ескертулерін жою үшін жоспарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде түзетеді, немесе мұндай ескертулермен келіспеген жағдайда өз негіздемесін ұсынады.

Уәкілетті орган банк және (немесе) оның акционерлері ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша түрде мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Уәкілетті орган ұсынылған іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, банк және (немесе) оның акционерлері оны іске асыруға кіріседі және уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде уәкілетті органға іс-шаралардың орындалуы туралы есепті ұсынады.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда банкке және (немесе) оның акционерлеріне Банктер туралы Заңның 45-бабы 3-тармағының төртінші бөлігінде көзделген талаптарды қою арқылы бір немесе бірнеше ертерек ден қою шараларын қолданады.

Қағидалардың 2-тармағында көзделген факторларды өз бетінше анықтаған жағдайда банк көрсетілген факторларды анықтаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қағидалардың осы тармағында көзделген іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, оның қаржылық жай-күйінің нашарлағанын көрсететін ақпаратты ұсынады.

6. Жүйе құраушы болып айқындалған банк, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10210 тіркелген «Қаржы ұйымдарын жүйе құраушылар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 257 қаулысына (бұдан әрі № 257 қаулы) сәйкес жүйе құраушылар деп танылатын әлеуетті банктердің тізіміне қосылған банк, уәкілетті орган жүргізген стресс-тесттің нәтижелері бойынша меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін бұзылғаны байқалған банк, сонымен қатар Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) банк уәкілетті органға:

1) № 358 қаулыда белгіленген буферлерді есепке ала отырып банктің меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең төменгі шамаларынан төмен болған жағдайда банктің меншікті капиталын ұлғайту бойынша іс-жоспарын;

2) жыл сайын есепті жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде:

меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің;

Қағидалардың 2-тармағының 1), 3), 11), 13) және 14)-тармақшаларында көрсетілген көрсеткіштердің айлық өзгерістерінің болжамын ұсынады.

Көрсеткіштердің өзгеру болжамы қаржылық жылдың соңына дейін қалыптастырылады. Көрсеткіштердің өзгеру болжамы жылына бір реттен көп емес негіздемелерді ұсынумен қайта қаралады.

Уәкілетті орган көрсеткіштердің болжам мәндерінің ағымдағы мәндерге сәйкестігін тексереді. Көрсеткіштердің өзгеру болжамында банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда уәкілетті орган Қағидалардың 5-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

Қағидалардың 2-тармағының 1), 3) және 11) тармақшаларында көрсетілген көрсеткіштердің, сонымен қатар меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің өзгеру болжамы стресстік сценарийдің әсер ету тиімділігін бағалаумен толықтырылады.

Уәкілетті орган стресстік сценарий өлшемдері бойынша сценарий мен ұсынымдарды жүйе құраушы болып айқындалған банкке, № 257 қаулысына сәйкес жүйе құраушылар деп танылатын әлеуетті банктердің тізіміне қосылған банкке, уәкілетті орган жүргізген стресс-тесттің нәтижелері бойынша меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің бұзылғаны байқалған банкке уәкілетті органға болжамды көрсеткіштерді ұсыну мерзіміне дейін бір ай бұрын береді.

Қайта ұйымдастыру рәсімінен өткен және/немесе бас банк пен еншілес банк арасында активтер мен міндеттемелерді бірізгіде беру жөніндегі операцияны жүргізген банк соңғы он екі айдағы ақпарат болған жағдайда, банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер еткен факторларды есептеуді жүзеге асырады.

7. Қағидалардың 2-тармағында көзделген факторлар анықталған жағдайда, сондай-ақ көрсеткіштердің өзгеру болжамында қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда, уәкілетті орган жүйе құраушы деп айқындаған банк және Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) банк № 358 қаулыда белгіленген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің (К1-1, К1-2, К2) мәндеріне және ашық валюталық позиция лимиттеріне кезең-кезеңімен өту мерзімі көзделетін іс-шаралар жоспарын ұсынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 21 тамыз

№ 155

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 тіркелген, 2015 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 52 (28530) жарияланған «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың талдамасы, корреспонденттік және ағымдағы шоттары туралы есептің нысаны;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есептің нысаны;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес берілген қарыздар туралы есептің нысаны;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес активтер мен шартты міндеттемелердің, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) құрылымы туралы есептің нысаны;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есептің нысаны;

7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар құрылымы туралы есептің нысаны;

8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес «РЕПО», «кері РЕПО» операциялары туралы есептің нысаны;

9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес салымдар және ағымдағы, корреспонденттік шоттар туралы есептің нысаны;

10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;

11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есептің нысаны;

11-1) осы қаулының 11-1-қосымшасына сәйкес қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есептің нысаны;

12) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамынан кешіктірмей қағаз тасымалдауышта осы қаулының 1-тармағының 11-1) тармақшасында көзделген есептілікті ұсынады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы қаулы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамына, саудасаттықты ұйымдастырушыға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмайды.»;

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Берілген қарыздар туралы есептің 4-қосымшасында:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Нысанда мерзімі өткен берешек шоттарына шығарылған қарыздарды қоса алғанда (дисконтты, сыйлықақыны, есептелген сыйақыны, оң/теріс түзетуді және резервтерді (провизияларды) қоспағанда) несие берешегінің қалдығы көрсетіледі.»;

«Активтер мен шартты міндеттемелердің, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) құрылымы туралы есептің нысаны» 5-қосымшасында:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. 6, 14, 22, 30, 38, 46, 54 және 62-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10350 тіркелген «Кепілдің және басқа да қамтамасыз етудің құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 256 қаулысына сәйкес айқындалатын қамтамасыз ету құны көрсетіледі.»;

мемлекеттік тілдегі «Қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есептің нысаны» 6-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын, 6-қосымшаның орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді;

«Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен бір ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есептің нысаны» 11-қосымшасында:

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Нысанда есепті ай ішінде жасалған мәмілелер бойынша, сондай-ақ есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қолданыстағы мәмілелер бойынша деректер көрсетіледі. Деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.»;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 11-1-қосымшамен толықтырылсын;

12-қосымшада:

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидаларында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы

31 тамыздағы, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның аумақтық филиалдарына (бұдан әрі – уәкілетті орган) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта ұсынады.»;

13-қосымшада:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылған қаулыларының тізбесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5126 тіркелген «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 274 қаулысының 1-тармағының 2) және 3) тармақшалары.».

2. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9943 тіркелген, 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру, банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 200 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі 2-қосымша осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын, 2-қосымшаның орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

3. Төлем балансы, валюталық реттеу және статистика департаменті (Үмбетәлиев М.Т.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы, осы қаулының 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының қырық төртінші және қырық бесінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 21 тамыздағы
№ 155 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
1-қосымша

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілігіне мыналар кіреді:

1) екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп;

2) бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп;

3) берілген қарыздар туралы есеп;

4) активтер мен шартты міндеттемелердің, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) құрылымы туралы есеп;

5) қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар қарыздар туралы, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есеп;

6) заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар құрылымы туралы есеп;

7) «РЕПО», «кері РЕПО» операциялары туралы есеп;

8) салымдар және ағымдағы, корреспонденттік шоттар туралы есеп;

9) тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп;

10) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен есепті ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күні қолданыстағы мәмілелер туралы есеп;

11) қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 21 тамыздағы
№ 155 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 178 қаулысына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы « ____ » _____ жағдай бойынша

Индекс: ФС_ЗПД_МСФО

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ипотекалық ұйымдардың және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының ұсыну мерзімі – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кеш емес.

уәкілетті ұйымның толық атауы, БСН

1-кесте. Активтер мен міндеттемелердің құрылымы

(мың теңгемен)

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің басында	Есепті кезеңнің соңында
Активтер			
Кассадағы ақша қаражаты	01		
Екінші деңгейдегі банктердің және Ұлттық пошта операторының шоттарындағы ақша қаражаты	02		
Негізгі құрал-жабдықтар	03		
Материалдық емес активтер	04		
Басқа да активтер	05		
Активтердің жиынтығы	06		
Міндеттеме және капитал			
Міндеттемелер			
Салықтық міндеттемелер	07		
Қысқамерзімді қаржылай міндеттемелер	08		
Ұзақмерзімді қаржылай міндеттемелер	09		
Басқа да міндеттемелер	10		
Міндеттемелердің жиынтығы	11		
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	12		
Басқа да капитал	13		
Капиталдың жиынтығы	14		
Капитал және міндеттемелердің жиынтығы	15		

2-кесте. Кірістер мен шығыстар

(мың теңгемен)

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңде
Кірістер		
Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудан кірістер	01	
Бағамдық айырмадан кірістер	02	
Басқа да кірістер	03	
Кірістердің жиынтығы	04	
Шығыстар		
Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырудан шығыстар	05	
Алынған қарыздар бойынша сыйақыны төлеуге байланысты шығыстар	06	
Жалға алу шығыстары	07	
Бағдарламалық камтамасыз етуге және автоматтандырылған есепке алу мен есептілік жүйелеріне ілеспе қызмет көрсету және техникалық құралдарға қызмет көрсету бойынша шығыстар	08	
Сыйақылар және қызметкерлерге басқа төлемдер бойынша шығыстар	09	
Корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығыстар	10	
Бағамдық айырма бойынша шығыстар	11	
Басқа да шығыстар	12	
Шығыстардың жиынтығы	13	
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін пайда (зиян)	14	
Корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша шығыстар	15	
Кезең ішіндегі таза пайданың (зиянның) жиынтығы	16	

Анықтама үшін:

Қызметкерлердің саны (есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша) – _____ адам

Жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты – _____

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ (қолы)

Бас бухгалтер

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ (қолы)

Орындаушы:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ (қолы) _____ телефоны

Есепке қол қойылған күні 20____ жылғы «____» _____

Мөр орны (бар болса)

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды уәкілетті ұйымдар тоқсан сайын жасайды.

4. Нысандағы деректер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютамен толтырылады.

5. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1-кесте бойынша

6. Есептілікті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында көзделген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтың бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.

7. Коды 03-жолда негізгі құрал-жабдықтар ретінде жылжымайтын мүлікті (жер, үйлер, ғимараттар және жермен байланысты басқа объектілер) қоса алғанда, материалдық-заттай нысандағы активтер ескеріледі.

8. Коды 04-жолда материалдық емес активтерден басқа жүргізілетін айырбастау операцияларының есебін электрондық түрде жүргізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету немесе компьютерлік жүйе ескеріледі.

9. Коды 08-жолды толтырған кезде орындау мерзімі 1 жылға дейінгі (қоса алғанда) қаржылық міндеттемелер ескеріледі.

10. Коды 09-жолды толтырған кезде орындау мерзімі 1 жылдан асатын қаржылық міндеттемелер ескеріледі.

2-кесте бойынша

11. Коды 03-жолда басқа да кірістерге негізгі құрал-жабдықтардың және материалдық емес активтердің есептен шығарылуынан түскен кірістер, орналастырылған салымдардан сыйақылар және тағы сол сияқтылар бойынша кірістер жатқызылуы мүмкін.

12. Коды 08-жолда жүргізілетін айырбастау операцияларының есебін электрондық түрде жүргізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуге немесе компьютерлік жүйеге

ілеспе қызмет көрсету, өрт, күзет, дабыл сигнализацияларының техникалық құралдарына қызмет көрсету және тағы сол сияқтылар бойынша шығыстар көрсетіледі.

13. Коды 09-жолды толтырған кезде жалақы, ақысы төленетін демалыс, іссапар шығыстары және қызметкерлерге төленетін басқа да төлемдер ескеріледі.

14. Құрылтайшылардың пайдасына төлемдер коды 12-жолда ескеріледі.

15. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 28 қараша

№ 209

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаменті (Хаджиева М.Ж.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Тізбенің 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының он үшінші, он төртінші, он бесінші, он бесінші, он алтыншы, жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарын және 2-тармағының үшінші – елуінші абзацтарын қоспағанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми **жариялануға** тиіс.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8767 тіркелген, 2013 жылғы 12 қарашада «Заң газеті» газетінде № 169 (2370) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында сақталуға жататын құжаттардың тізбесін мен оларды сақтау мерзімдерін белгілеу туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында сақталуға жататын құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімдері осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың және оларды сақтау мерзімдерінің тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында сақталуға жататын құжаттардың тізбесі мен оларды сақтау мерзімдері»;

реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	47.	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт деректерінің өзгеруіне әсер ететін құжаттар	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулердің аяқталу талабымен шарттың қолданылу мерзімі өткен соң.	»;
---	-----	---	--------------------	--------------------	---	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 47-1-жолмен толықтырылсын:

«	47-1.	Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініш	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Тексерулердің аяқталу талабымен шарттың қолданылу мерзімі өткен соң.	»;
---	-------	--	--------------------	--------------------	---	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 48-1-жолмен толықтырылсын:

«	48-1.	БЖЗҚ-да шартты зейнетақы шоттарын есепке алу бойынша деректер базасы	80 жыл - «Ж» ²	80 жыл - «Ж» ²	² Электрондық тасымалдағыш та	»;
---	-------	--	---------------------------	---------------------------	--	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 49-1-жолмен толықтырылсын:

«	49-1.	БЖЗҚ-да шартты зейнетақы шоттарын тіркеу кітабы	Тұрақты ¹	Тұрақты ¹	¹ Электрондық тасымалдағыш та	»;
---	-------	---	----------------------	----------------------	--	----

реттік нөмірі 58-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	58.	Зейнетақы жинақтарын аудару бойынша құжаттар (өтініштер, салымшының (алушының), сенім білдірілген тұлғаның, салымшының (алушының) заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, зейнетақы аннуитеті шарттарының түпнұсқалары, сенімхаттар, хабарламалар (бар болса) және өзге де құжаттар)	5 жыл ¹	5 жыл ¹	¹ Қағаз тасымалдағыш та – аударым жүзеге асырылғаннан кейін 5 жыл, электрондық тасымалдағыш та – қажеттілігі өткенге дейін, кем дегенде 5 жыл	»;
---	-----	---	--------------------	--------------------	--	----

реттік нөмірі 59-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	59.	Зейнетақы төлемдерін алуға БЖЗҚ-қа, ЕЖЗҚ-қа ұсынылған құжаттар (өтініштер, зейнетақы төлемдерін алушының, сенім білдірілген тұлғаның, заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттардың, қайтыс болу туралы, мұраға құқық туралы куәліктің көшірмелері, хабарламалар (бар болса) және өзге де құжаттар)	соңғы төлем жүзеге асырылған және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бұзылған сәттен бастап 10 жыл ¹	соңғы төлем жүзеге асырылған және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бұзылған сәттен бастап 10 жыл ¹	¹ Қағаз тасымалдағыш та – соңғы төлем және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзу күнінен бастап 10 жыл, электрондық тасымалдағыш та – қажеттілігі өткенге дейін, кем дегенде 10 жыл	
---	-----	--	---	---	--	--

--	--	--	--	--

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 60-1-жолмен толықтырылсын:

« 60-1.	БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты алуға арналған өтініштер	1 жыл	1 жыл	
---------	---	-------	-------	--

»;

реттік нөмірі 61-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 61.	Тізілімдер (зейнетақы төлемдеріне, БЖЗҚ-дан, ЕЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын аударуға арналған өтініштер/хабарламалар)	2 жыл	2 жыл	
-------	--	-------	-------	--

»;

реттік нөмірі 64-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 64.	Зейнетақы төлемдерінің салымшыларымен (алушылармен) жазысқан хаттар	5 жыл	5 жыл	
-------	---	-------	-------	--

»;

ескерту мынадай редакцияда жазылсын:

«Ескерту: 80 жыл - «Ж» - осындай сақтау мерзімі белгіленген электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты сақтау үшін. Бұл ретте ақпаратты сақтау мерзімін есептеуді ақпаратты сақтау мерзімінің аяқталу кезіне қарай адамның жас мөлшерін («Ж» әрпімен белгіленген) есепке ала отырып жүргізу қажет. Электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты сақтаудың ұзақтығы «Ж» - 80 жыл айырмаға тең болады, мұндағы «Ж» ақпаратты сақтау мерзімінің аяқталу кезіне қарай адамның жас мөлшерін білдіреді.».

2. «Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 218 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8801 тіркелген, 2013 жылғы 12 желтоқсанда «Заң газеті» газетінде № 187 (2388) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарда:

4-тармақтың бірінші абзацы мен 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйелері мынадай функционалдық модульдерді қамтиды:

1) «Зейнетақы жинақтарын және шартты зейнетақы міндеттемелерін дербес есепке алу» модулі;»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының автоматтандырылған ақпараттық жүйелері мынадай функционалдық модульдерді қамтиды:

1) «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі;

2) «Есептілік» модулі;

3) «Сыртқы пайдаланушылармен өзара әрекеттесу» модулі;

4) «Ішкі аудит» модулі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының «Зейнетақы жинақтарын және шартты зейнетақы міндеттемелерін дербес есепке алу» модулі мыналардың:

1) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шарттарының;

2) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы жарналарының, жинақтардың, өсімпұлдардың;

3) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық табыстың;

4) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің;

5) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударымының;

6) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударымының зейнетақы жинақтары аударымының дербес есебін жүргізуге арналған.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі мыналардың:

1) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шарттарының;

2) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына түсетін зейнетақы жарналарының, жинақтардың, өсімпұлдардың;

3) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарындағы инвестициялық табыстың;

4) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің;

5) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударымының дербес есебін жүргізуге арналған.»;

6-тармақта:

бірінші абзац пен 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының «Зейнетақы жинақтарын және шартты зейнетақы міндеттемелерін дербес есепке алу» модулі мыналарды:

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарымен;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарымен;

операциялардың талдау және синтетикалық бухгалтерлік есебін жүргізуді қамтамасыз етеді;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) уәкілетті ұйымның автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен мыналар:

міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасаған және бұзған салымшылар жөніндегі ақпаратпен алмасу;

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебі бойынша аттарына шартты зейнетақы шоттары ашылған жеке тұлғалар жөніндегі ақпаратпен алмасу;

Орталық пен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының арасында жасалған шарттың негізінде жеке зейнетақы шоттарындағы, шартты зейнетақы шоттарындағы қозғалыс;

төлем құжаттарымен алмасу;

Орталықтан келіп түскен ақпараттың негізінде міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының), бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның деректемелеріне өзгерістер енгізу бойынша өзара іс-қимыл етуді қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының «Зейнетақы жинақтарын дербес есепке алу» модулі мыналарды:

1) ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарымен операциялардың талдау және синтетикалық бухгалтерлік есебін жүргізуді;

2) төлем құжаттарын қалыптастыру;

3) төлем құжаттарын дұрыс қалыптастыруды тексеруін жүзеге асыруды;

4) салымшыларды (алушыларды) бірегей деректемелері бойынша (шарттың нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты және басқа өлшемдер бойынша) сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырған кезде мынадай:

1) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен әрбір зейнетақы төлемдерін алушы бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің сомасын есептеу;

2) Заңға сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерінің тиесілі сомасынан табыс салығын ұстау;

3) міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының, ерікті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен берілген күнге және (немесе) берілген уақыт аралығына зейнетақы төлемдерін болжау функцияларының орындалуы қамтамасыз етіледі.»;

13-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламалық қамтамасыз етуді және (немесе) автоматтандырылған ақпарат жүйесіндегі ақпаратты рұқсатсыз өзгертуге жол бермеу мақсатында жұмыс істейтін модульдерге өзгерістер енгізу, жаңа модульдерді әзірлеу, жүйені енгізу және пайдалануға беру бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесі шешімімен бекітілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының даму корпоративтік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.».

3. «Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 32 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9325 тіркелген, 2015 жылғы 25 сәуірде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салымшы (алушы) зейнетақы жинақтарын ауыстыру мақсатында Жөнелтуші қорға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымшының (алушының) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру туралы өтініші;

2) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және шолу үшін оның түпнұсқасы;

3) зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы;

4) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын ауыстыру кезінде, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстарда кемінде бес жыл еңбек өтілі болуын растайтын құжаттар.»;

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сенім білдірілген тұлға Жөнелтуші қорға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сенім білдірілген адамның зейнетақы аннуитеті шарты бойынша салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру туралы өтініші;

2) егер сенімхатта сенім білдіруші тұлғаның бір мезгілде бірнеше ұйымда мүддесін білдіру бойынша өкілеттік болған жағдайда, нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырған көшірмесі;

3) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

4) салымшының (алушының) сақтандыру ұйымымен жасаған зейнетақы аннуитеті шартының түпнұсқасы;

5) сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және шолу үшін оның түпнұсқасы;

6) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын ауыстыру кезінде, салымшының (алушының) еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстарда кемінде бес жыл еңбек өтілі болуын растайтын құжаттар.

5. Жіберуші қор зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініште толтырылуға тиіс мәліметтердің дұрыс көрсетілуін тексереді және салымшыға (алушыға) немесе сенім білдірушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама береді.

Егер салымшы (алушы) Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адам болған жағдайда, Жіберуші қор уәкілетті ұйым мен Жіберуші қор арасында жасалған шарт шеңберінде өтініш берген салымшының (алушының) белгіленген мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі туралы мәліметтерді сұратады.

6. Жіберуші қор құжаттарды қабылдау кезінде:

1) Қағидалардың 2 немесе 4-тармақтарында көзделген құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған;

2) салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары болмаған не салымшының (алушының) атына ашылған жеке зейнетақы шоты болмаған;

3) зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініш берген күні салымшының (алушының) немесе сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы;

4) зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтінішті беру күні сенімхаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы не сенімхаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының оны ресімдеуге қойылатын талаптарына сәйкес болмаған;

5) салымшының (алушының) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары (болған кезде) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініш берілген күні зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген зейнетақы жинақтары сомасынан аз болған;

б) салымшының (алушының) мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің белгіленуі туралы мәліметтердің расталуы болмаған жағдайларда зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтінішті қабылдау мен орындаудың мүмкін болмау себептерін көрсете отырып, салымшыға (алушыға) немесе сенім білдірілген адамға ұсынады.

7. Жіберуші қор салымшының (алушының) немесе сенім білдірілген адамның зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтінішін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтінішті орындаудың мүмкін еместігі себептерін көрсете отырып мынадай:

1) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген аты-жөні, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), Жіберуші қордың дерекқорында көрсетілген аты-жөні, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН сәйкес келмеген;

2) зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініште көрсетілген мәліметтердің Қағидалардың 2 немесе 4-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмеген;

3) салымшының (алушының) Заңның 11-бабының 1-тармағында, 31-бабының 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында және 32-бабының 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың санатына сәйкес келмеген;

4) салымшының (алушының) мерзімсіз бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігінің белгіленуі туралы мәліметтердің расталуы болмаған;

5) егер салымшының (алушының) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары (болған кезде) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын ауыстыру туралы өтініш берілген күні зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген зейнетақы жинақтары сомасынан аз болған;

б) Қағидалардың 2 немесе 4-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда оған дәлелденген жауапты жазбаша нысанда жібереді.»;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жөнелтуші қор Қағидалардың 2 немесе 4-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Ауыстыру күні міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары сомасы жеткіліксіз болған кезде, Жөнелтуші қор Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымшының (алушының) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру туралы өтінішінде немесе Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сенім білдірілген адамның зейнетақы аннуитеті шарты бойынша салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына ауыстыру туралы өтінішінде көрсетілген ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға салымшының (алушының) келісімі болған жағдайда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарына қосымша ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын ауыстырады.

Егер Заңның 11-бабының 1-тармағында және 31-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 32-бабының 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың зейнетақы аннуитеті шарты жасалғаннан кейін жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем соманы құрайтын болса, зейнетақы аннуитеті шартына қалдықтың көрсетілген сомасын есепке ала отырып сақтандыру сыйлықақы мөлшерінің және сақтандыру төлемінің ұлғаюы бөлігінде өзгерістер енгізіледі.»;

1 және 2-қосымшалар тиісінше осы Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне 1-қосымша

Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша
зейнетақы жинақтарын сақтандыру
ұйымына ауыстыру қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(Жөнелтуші қордың толық немесе қысқартылған атауы)

Сенім білдірілген тұлғаның салымшының (алушының) зейнетақы
жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына
ауыстыру туралы өтініші

Мен, салымшы (алушы):

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы: _____
(күні, айы, жылы цифрлармен)

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Құжаттың түрі: (тиісті ұяшықта х көрсетіңіз)

Жеке куәлігі

Төлқұжат

Азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі

Ықтияр хат

Нөмірі _____
берілген күні _____ (күні, айы, жылы цифрлармен)

_____ (кім берді)

міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары (тиістісін сызыңыз) есебінен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын:

_____ (ауыстырылатын зейнетақы жинақтарының сомасы жазумен)

_____ (сақтандыру ұйымының толық немесе қысқартылған атауы)

ауыстыруды сұраймын

_____ Зейнетақы аннуитеті шартын (бар болса) жасау үшін міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары сомасын аудару күні жеткіліксіз болған кезде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған менің зейнетақы жинақтарымды аударуға келісім беремін.

_____ (иә/жоқ көрсетіледі)

Мен осы өтінішке қол қойған күні:

1) зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына ауыстырудың қолданыстағы Қағидаларымен таныстым;

2) зейнетақы активтері толық көлемде ауыстырылған жағдайда ауыстырылған күні Жіберуші қормен жасалған _____ жылғы № _____ салымшының (алушының) зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шартының қолданылуы, зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен сақтандыру ұйымына ауыстырылған күннен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін жеке зейнетақы шотында ақша болмаған жағдайда тоқтатылады, осыған байланысты менің жеке зейнетақы шотым жабылатындығы туралы хабардармын;

3) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына ауыстыру үшін қажетті менің дербес деректерімді және салымшының (алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.

Салымшының (алушының): _____

Өтініш жазылған күні: _____
(күні, айы, жылы цифрлармен)

Өтінішті Жіберуші қор қабылдаған күн _____
(күні, айы, жылы цифрлармен)

Өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:

Жіберуші қорда тіркелді: _____
(кіріс нөмірі)

Ескерту:

1. Өтініш баспа әріптерімен түсінікті етіп толтырылады.
2. Барлық жол міндетті түрде толтырылады.

АНЫҚТАМА

_____ салымшы (алушы)
(Жіберуші Қордың атауы)

_____ зейнетақы жинақтарын
(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған жылы)

_____ сақтандыру ұйымына
(сақтандыру ұйымының атауы)

ауыстыруға арналған өтініш қабылдағанын растайды

Өтінішті қабылдаған _____
(өтініш қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

Жіберуші Қорда тіркелді _____
(кіріс нөмірі)

Өтінішке мына құжаттар қоса берілді: (қабылданған құжаттардың тізбесі)

Байланыс телефоны: _____

E-mail: _____

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының зейнетақымен
қамсыздандыру мәселелері бойынша
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне 2-қосымша

Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша
зейнетақы жинақтарын сақтандыру
ұйымына ауыстыру қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Кімге: _____

(Жіберуші қордың толық немесе қысқартылған атауы)

Сенім білдірілген тұлғаның салымшының (алушының) зейнетақы
жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына
ауыстыру туралы өтініші

Жеке тұлға толтырады:

Мен, сенім білдірілген:

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы _____

(күні, айы, жылы цифрлармен)

Құжаттың түрі: (тиісті ұяшықта x көрсетіңіз)

Жеке куәлігі

Төлқұжат

Азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі

Ықтияр хат

Нөмірі _____ берілген күні

(күні, айы, жылы цифрлармен)

_____ (кім берді, берілген күні)

Заңды тұлға толтырады:

Мен, сенім білдірілген: _____

Атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Сенімхат негізінде іс-әрекет жасайтын

тіркелім № _____

(күні, айы, жылы цифрлармен)

салымшының (алушының) мүддесі үшін:

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні: _____
(күні, айы, жылы цифрлармен)

Жеке сәйкестендіру нөмірі

Құжаттың түрі: (тиісті ұяшықта х көрсетіңіз)
Жеке куәлігі Төлқұжат
Азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі
Ықтияр хат

Нөмірі _____ берілген күні
(күні, айы, жылы цифрлармен)

(кім берді, берілген күні)

Зейнетақы аннуитеті шартын (бар болса) жасау үшін міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары сомасын аудару күні жеткіліксіз болған кезде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарымды аударуға келісім беремін.

(иә/жоқ көрсетіледі)

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары (тиістісін сызыңыз) есебінен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын:

(ауыстырылатын зейнетақы жинақтарының сомасы жазумен)
сомасында _____ (сақтандыру
ұйымының толық немесе қысқартылған атауы)

_____ ауыстыруды сұраймын.

Мен, салымшының (алушының) сенім білдірілген тұлғасы осы өтінішке қол қойған күні:

- 1) зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына ауыстырудың қолданыстағы Қағидаларымен таныстым;
 - 2) зейнетақы активтері толық көлемде ауыстырылған жағдайда ауыстырылған күні Жіберуші қормен жасалған _____ жылғы № _____ салымшының (алушының) зейнетақымен қамтамасыз ету туралы шартының қолданылуы, зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен сақтандыру ұйымына ауыстырылған күннен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін жеке зейнетақы шотында ақша болмаған жағдайда тоқтатылады, осыған байланысты менің жеке зейнетақы шотым жабылатындығы туралы хабардармын.
 - 3) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына ауыстыру үшін қажетті менің дербес деректерімді және салымшының (алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.
- Сенім білдірілген тұлғаның қолы: _____

Өтініш жазылған күні: _____

(күні, айы, жылы цифрлармен)

Өтінішті Жіберуші қор қабылдаған күн _____

(күні, айы, жылы цифрлармен)

Өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы:

Жіберуші қорда тіркелді: _____

(кіріс нөмірі)

(күні, айы, жылы цифрлармен)

Ескерту _____

1. Өтініш баспа әріптерімен түсінікті етіп толтырылады.

2. Барлық жол міндетті түрде толтырылады.

АНЫҚТАМА

_____ салымшы (алушы)

(Жіберуші Қордың атауы)

(аты-жөні, туған жылы)

мүддесі үшін сенім білдірілген тұлғасы _____

(аты-жөні, туған жылы)

зейнетақы жинақтарын _____ сақтандыру ұйымына

(сақтандыру ұйымының атауы)

ауыстыруға арналған өтініш қабылдағанын растайды

Өтінішті қабылдаған

(өтініш қабылдаған тұлғаның аты-жөні мен лауазымы)

Жіберуші Қорда тіркелді _____

(күні, айы, жылы цифрмен)

Кіріс нөмірі _____

Өтінішке мына құжаттар қоса берілді: (қабылданған құжаттардың тізбесі)

Байланыс телефоны: _____

E-mail: _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 28 қараша

№ 210

Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасы банкноттарының қатар айналыста
болуының кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкноттарының қатар айналыста болу кезеңін ұзарту қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкноттарының қатар айналыста болу кезеңі:

1) 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2012 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 2 000 теңгелік – 2013 жылғы 29 наурыздан бастап 2016 жылғы 3 қазан (қоса алғанда) аралығында;

2) 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2011 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 5 000 теңгелік – 2011 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2016 жылғы 3 қазан (қоса алғанда) аралығында;

3) 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2012 жылғы үлгідегі (бұдан әрі – жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 10 000 теңгелік – 2012 жылғы 10 сәуірден бастап 2016 жылғы 3 қазан (қоса алғанда) аралығында белгіленсін.

2. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің қатар айналыста болу кезеңінде:

1) екінші деңгейдегі банктер және Ұлттық пошта операторы:

ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерін өз кассаларынан, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға банкоматтар арқылы беруді жүзеге асырады;

жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1482 тіркелген, «Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысымен бекітілген Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына тапсырады;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары:

ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерін жеке және заңды тұлғаларға беруді жүзеге асырады;

заңды тұлғалардан ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 тіркелген, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес кейіннен екінші деңгейдегі банктердің тиісті корреспонденттік шоттарына қолма-қол емес баламасын есепке жатқыза отырып шектеусіз қабылдайды.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Балахметов А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының күші жойылған қаулыларының
тізбесі**

1. «2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 213 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7382 тіркелген, 2012 жылғы 26 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде № 37-38 (27110) жарияланған).

49	Standard & Poor's агенттігінің «A-»-тан төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдарға, тиісінше рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және «Standard & Poor's» агенттігінің «BBB+»-тан «BB-»-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес ұйымдарға қойылатын талаптар	100
50	Standard & Poor's агенттігінің «A-»-тан төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдарға немесе тиісінше рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тан «BB-»-ға дейін борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес ұйымдарға және қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен жабылмаған тиісті валюталық түсім және (немесе) валюталық тәуекелдері жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасымен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімі 1 (бір) жылдан астам уақытқа берілген қарыздар бойынша талаптар	200
51	Тәуекелдің III тобына енгізілгенді қоспағандағы жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін, оның ішінде тұтынушылық кредиттерге қойылатын талаптар	100
52	Тәуекелдің III тобына енгізілгенді қоспағандағы және қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен жабылмаған тиісті валюталық түсім және (немесе) валюталық тәуекелдері жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасымен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап мерзімі 1 (бір) жылдан астам уақытқа берілген қарыздар бойынша, оның ішінде тұтынушылық кредиттерге қойылатын талаптар	200
53	Standard & Poor's агенттігінің «BB-»-тан төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас	100

	деңгейіндегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тан төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес банктерге ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	
54	Басқа ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 51, 55, 56 және 57-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда)	100
55	<p>2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаларға берілген қамтамасыз етілмеген қарыздар, оның ішінде банк есептейтін мынадай критерийлердің біреуіне сәйкес келетін тұтынушылық кредиттер:</p> <p>2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 31 желтоқсан аралығында қарыз берген кезде:</p> <p>1) қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің деңгейі қарыз алушы жеке тұлғаның орташа ай сайынғы кірісін есептеу үшін бірыңғай жианқтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірмені немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпаратты қолдана отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 9125 тіркелген «Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына (бұдан әрі - № 292 қаулы) сәйкес есептелген 0,35 асады.</p> <p>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан соңғы 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпарат болмаған жағдайда, қарыз қамтамасыз етілмеген деп саналады және осы жолға сәйкес кредиттік тәуекел деңгейі бойынша есептеледі;</p> <p>2) берген күннің алдындағы соңғы 24 (жиырма төрт) ай үшін кез келген қолданыстағы немесе жабық қарыз бойынша берешек және (немесе) ол бойынша сыйақы бойынша мерзімі өткен төлем 60 (алпыс) күнтізбелік күннен асады не төлем мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам 3 (үш) реттен артық кешіктірілсе</p>	150
56	<p>2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаларға берілген қамтамасыз етілмеген қарыздар, оның ішінде банк есептейтін мынадай критерийлердің біреуіне сәйкес келетін тұтынушылық кредиттер:</p> <p>қарыздардың мониторингі кезінде 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын:</p> <p>1) қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің деңгейі қарыз алушы – жеке тұлғаның орташа ай сайынғы кірісін есептеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірмені немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің</p>	150

	<p>алдындағы қатарынан соңғы 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпаратты қолдана отырып № 292 қаулыға сәйкес есептелген 0,35 асады.</p> <p>Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан соңғы 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпарат болмаған жағдайда, қарыз қамтамасыз етілмеген деп саналады және осы жолға сәйкес кредиттік тәуекел деңгейі бойынша есептеледі;</p> <p>2) берілген күннің алдындағы соңғы 24 (жиырма төрт) ай үшін кез келген қолданыстағы немесе жабық қарыз бойынша және (немесе) олар сыйақы бойынша берешек бойынша төлемдердің кешіктірілу мерзімі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен астамды құрайды не төлемдердің кешіктірілу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімімен 3 (үш) реттен асатынға рұқсат беріледі;</p> <p>3) қарыздардың ай сайынғы мониторингі кезінде осы жолға сәйкес 1) немесе 2) тармақшада көрсетілген есеп айырысу үшін ақпарат жоқ</p>	
57	Жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген басқа да қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 51, 55 және 56-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға қарыздарды қоспағанда)	100
58	Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тан «B-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	100
59	Standard & Poor's агенттігінің «BBB+»-тен «BB-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
60	Standard & Poor's агенттігінің «BB+»-тен «B-»-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
61	Standard & Poor's агенттігінің «A-»-тан төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдар және «Standard & Poor's» агенттігінің «BBB+»-тан «BB-»-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
62	Төлемдер бойынша есеп айырысулар	100
63	Негізгі қаражат	100
64	Материалдық қорлар	100

65	Банктің инвестицияларын қоспағанда, акциялар бөлігіндегі (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) әділ құн бойынша ескерілген инвестициялар	100
66	Әрбіреуі банктің қаржылық есептілігін жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) кем дегенде 10 (он) пайызын құрайтын, негізгі капиталдың 10 (он) пайызынан аспайтын банк инвестицияларының барлық сомасы	100
67	Әрбіреуі банктің қаржылық есептілігін жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғаның шығарылған акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, негізгі капиталдың 15 (он бес) пайызынан аспайтын банк инвестицияларының барлық сомасы	250
V топ		
68	Standard&Poor's агенттігінің «B-»-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	150
69	Standard&Poor's агенттігінің «B-»-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	150
70	Standard&Poor's агенттігінің «B-»-тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	150
71	Standard&Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	150
72	Standard&Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес ұйымдарға және тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент емес ұйымдарға қойылатын талаптар	150
73	Standard&Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес ұйымдарға және тиісті рейтингтік бағасы жоқ және тиісті валюталық түсімдері жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушының тарапынан тиісті хеджирлеу құралдарымен жабылмаған резидент емес ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасында берілген қарыздар бойынша қойылатын 1 (бір) жылдан асатын мерзімі бар талаптар	200
74	Төменде көрсетілген шет мемлекеттерінің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптар: 1) Андорра Князьдігі; 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті;	150

	<p>3) Бағам аралдары достастығы; 4) Барбадос мемлекеті; 5) Бахрейн мемлекеті; 6) Белиз мемлекеті; 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; 8) Вануату Республикасы; 9) Гватемала Республикасы; 10) Гренада мемлекеті; 11) Джибути Республикасы; 12) Доминикан Республикасы; 13) Индонезия Республикасы; 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана); 15) Кипр Республикасы; 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана); 17) Комор аралдары Федералды Ислам Республикасы; 18) Коста-Рика Республикасы; 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана); 20) Либерия Республикасы; 21) Лихтенштейн Князьдігі; 22) Маврикий Республикасы; 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумақтары бөлігінде ғана); 24) Мальдив Республикасы; 25) Мальта Республикасы; 26) Маршалл аралдары Республикасы; 27) Монако Князьдігі; 28) Мьянма Одағы; 29) Науру Республикасы; 30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана); 31) Нигерия Федеративтік Республикасы; 32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана); 33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана); 34) Палау Республикасы; 35) Панама Республикасы; 36) Тәуелсіз Самоа мемлекеті; 37) Сейшель аралдары Республикасы; 38) Сент-Винсент және Гренадины мемлекеті; 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы; 40) Сент-Люсия мемлекеті; 41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана): Ангилья аралдары; Бермуд аралдары; Британдық Виргин аралдары; Гибралтар; Кайман аралдары; Монтсеррат аралы;</p>	
--	---	--

	Теркс және Кайкос аралдары; Мэн аралы; Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) 42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығының аумағы бөлігінде ғана); 43) Тонга Корольдігі; 44) Филиппин Республикасы; 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы	
75	Standard&Poor's агенттігінің «В-»-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
76	Standard&Poor's агенттігінің «ВВ-»-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
77	Standard&Poor's агенттігінің «В-»-тен төмен рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
78	Standard&Poor's агенттігінің «ВВ-»-тен төмен рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент емес ұйымдар және тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент емес ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
79	Төменде көрсетілген шет мемлекеттерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар: 1) Андорра Князьдігі; 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті; 3) Багам аралдары достастығы; 4) Барбадос мемлекеті; 5) Бахрейн мемлекеті; 6) Белиз мемлекеті; 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; 8) Вануату Республикасы; 9) Гватемала Республикасы; 10) Гренада мемлекеті; 11) Джибути Республикасы; 12) Доминикан Республикасы; 13) Индонезия Республикасы; 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана); 15) Кипр Республикасы; 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана); 17) Комор аралдары Федералды Ислам Республикасы; 18) Коста-Рика Республикасы; 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана); 20) Либерия Республикасы;	150

	<p>21) Лихтенштейн Князьдігі; 22) Маврикий Республикасы; 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумақтары бөлігінде ғана); 24) Мальдив Республикасы; 25) Мальта Республикасы; 26) Маршалл аралдары Республикасы; 27) Монако Князьдігі; 28) Мьянма Одағы; 29) Науру Республикасы; 30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана); 31) Нигерия Федеративтік Республикасы; 32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана); 33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана); 34) Палау Республикасы; 35) Панама Республикасы; 36) Тәуелсіз Самоа мемлекеті; 37) Сейшель аралдары Республикасы; 38) Сент-Винсент және Гренадины мемлекеті; 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы; 40) Сент-Люсия мемлекеті; 41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана): Ангилья аралдары; Бермуд аралдары; Британдық Виргин аралдары; Гибралтар; Кайман аралдары; Монтсеррат аралы; Теркс және Кайкос аралдары; Мэн аралы; Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) 42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығының аумағы бөлігінде ғана); 43) Тонга Корольдігі; 44) Филиппин Республикасы; 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы</p>	
--	---	--

Салымдардың кредиттік тәуекелінің деңгейі бойынша саралануға тиісті банк активтерінің есебіне түсіндірме

1. Салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған исламдық бағалы қағаздар, банкте түзетілген құны аталған активтер көлемінің 50 (елу) пайызынан кем емес қамтамасыз етуі бар (салымдардың кредиттік тәуекелі дәрежесі бойынша сараланған Банк активтері кестесінің (бұдан әрі – Кесте) 1-3, 11-13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі), сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландырған кезде

коммерциялық кредиттер, банктерде осы тармаққа сәйкес түзетілген қамтамасыз ету құнын анықтауға мүмкіндік беретін барабар есепке алу жүйесі болған кезде, түзетілген қамтамасыз ету құнын шегергендегі тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтер есебіне енгізіледі.

Түзетілген қамтамасыз ету құны (Кестенің 1-3, 11-13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) мыналарға тең болады:

салымдардың 100 (жүз) пайыздық сомасы, оның ішінде осы банктегі қамтамасыз ету ретінде ұсынылғандары;

қамтамасыз етуге берілген исламдық бағалы қағаздардың нарықтық құнының 95 (тоқсан бес) пайызы;

қамтамасыз етуге берілген тазартылған бағалы металдардың нарықтық құнының 85 (сексен бес) пайызы.

Жоғарыда аталған салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған бағалы қағаздардың қамтамасыз етілмеген бөлігі салымдарға, дебиторлық берешекке, сатып алынған бағалы қағаздарға сәйкес келетін тәуекел дәрежесі бойынша Кестеге сай сараланады.

2. Қарсы агенттен төмен тәуекел дәрежесі бар ұйымдар кепілдік берген (сақтандырылған) банк инвестициялары есебіне енгізілмеген, салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған исламдық бағалы қағаздар, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттер, тәуекел дәрежесі бойынша сараланған (банк инвестициясы есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған исламдық бағалы қағаздардың қарыздардың, инвестициялардың кепілдік берген (сақтандырылған) сомасын шегергендегі) активтердің есебіне борышкердің тәуекелі бойынша енгізіледі.

Банк инвестициясы есебіне енгізілмеген салымдардың, дебиторлық берешектің, сатып алынған исламдық бағалы қағаздардың, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттердің, инвестициялардың кепілдік берген (сақтандырылған) сомасы тиісті кепілгердің (сақтандырылушының) дебиторлық берешегінің тәуекел дәрежесі бойынша сараланады.

3. Осы Түсіндірменің 1-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған исламдық бағалы қағаздар және сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттер Қазақстан Республикасының мынадай бейрезиденттеріне ұсынылады:

1) оффшорлық аймақ аумағында заңды тұлға ретінде тіркелгендерге;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайыздан астамын иеленуші оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға тәуелді немесе оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатындарға;

3) оффшорлық аймақ азаматтары болып табылатындарға;

осы Түсіндірменің 1-тармағында көрсетілген қамтамасыз етудің болуына қарамастан, Кестеге сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша сараланады.

4. Осы Түсіндірменің 1-тармағында көрсетілген салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған исламдық бағалы қағаздар және сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредиттер Қазақстан Республикасының мынадай бейрезиденттеріне ұсынылған:

1) оффшорлық аймақ аумағында заңды тұлға ретінде тіркелген, бірақ «Standard & Poor's» агенттігінің «АА-»-тан төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе міндеттемелерінің барлық сомасының қамтамасыз етуі ретіндегі, аталған деңгейден төмен емес рейтингі бар бас ұйымның тиісті кепілдігі барларына;

2) жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайызынан астамын иеленуші, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға тәуелді немесе оффшорлық аймақ

аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатындарға, бірақ аталған деңгейден төмен емес рейтингі бар немесе міндеттемелерінің барлық сомасының қамтамасыз етуі ретіндегі рейтингі аталған деңгейден төмен емес бас ұйымның тиісті кепілдігі барларына, оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары не Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу жөнінде міндеттеме қабылдамаған оффшорлық аумақтар тізбесіне енгізген мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне немесе жекелей алғанда жарғылық капиталдың 5 (бес) пайыздан астамын иеленуші не көрсетілген оффшорлық аймақ аумағында тіркелген заңды тұлғаға қатысы бойынша еншілес болып табылатын ұйымдарға қойылатын талаптарды қоспағанда;

тәуекелдің нөл дәрежесі бойынша сараланады.

5. Банктің салымдардың тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтерін есептеу мақсатында:

жеке тұлғаларға тұрғын үй салу үшін не оны сатып алу және (немесе) жөндеу мақсатында берілетін ипотекалық қарыз ипотекалық тұрғын үй қарызын білдіреді;

жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға ұсынылған, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру кезіндегі коммерциялық кредит тұтынушылық кредит дегенді білдіреді.

6. Егер исламдық бағалы қағаз шығарылымының арнайы шығарылым рейтингі болса, онда тәуекел дәрежесі бойынша банк активтерін саралау кезінде бағалы қағаз рейтингін ескеру қажет.

7. Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес нарықтық тәуекелді ескере отырып, активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің есебіне енгізілген активтер валюталардың айырбас бағамының және бағалы металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдарының есебіне енгізілген активтерді қоспағанда кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланатын активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің есебіне енгізілмейді.

8. Салымдардың тәуекел дәрежесі бойынша сараланған банктің активтерін есептеу мақсаттары үшін қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар ретінде жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген қарыздарды, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарттары, жылжымайтын мүлікті сатып алу мәні болып табылатын өзге де шарттар бойынша талап ету құқықтарын, қамтамасыз етілуі автокөлік болып табылатын қарыздарды, банктік салым шартына немесе ақша кепілі шартына сәйкес банкте орналастырылған, берілетін қарыз сомасын толығымен өтейтін ақша қамтамасыз етуі болып табылатын қарыздарды, білім беруді кредиттеу жүйесі шеңберінде берілетін қарыздарды, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесінің шеңберінде берілетін қарыздарды қоспағанда, тұтынушылық қарыз түсініледі. Қазақстан Республикасының банк

қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне 4- қосымша

Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні және есептеу әдістемелері туралы нұсқаулыққа 1-2 қосымша

Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні

Кезең	2015 жылғы 01 қаңтардан бастап	2016 жылғы 01 қаңтардан бастап	2017 жылғы 01 қаңтардан бастап
Талаптар			
Негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k1)	5%	5%	5,5%
Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі (k1-2)	6%	6%	6,5%
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k2)	7,5%	7,5%	8%

Консервациялық буферді және жүйелі буферді ескергендегі, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәні

Кезең	2015 жылғы 01 қаңтардан бастап	2016 жылғы 01 қаңтардан бастап	2017 жылғы 01 қаңтардан бастап
Талаптар			
Негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k1)	6%	6%	7,5%
Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі (k1-2)	7%	7%	8,5%
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k2)	8,5%	8,5%	10%
Жүйе құраушы банктер үшін негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k1)	7,5%	7,5%	9,5%
Жүйе құраушы банктер үшін бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі (k1-2)	8,5%	8,5%	10,5%
Жүйе құраушы банктер үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k2)	10%	10%	12%

Ескертпе: уәкілетті орган меншікті капитал жеткіліктілігі нормативтерінің және меншікті капитал буферлерінің мәндерін 3 (үш) жылда бір реттен сирек емес қайта қарайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 229

«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 255 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 255 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7925 тіркелген, 2012 жылғы 24 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 696-701 (27773) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

«1. Осы Қазақстан Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы

ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) сату және сатып алу тәртібін айқындайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қағидалардың ережелері Ұлттық Банктің банкноттарды және айналыстағы монеталарды ұсақтау, тозған банкноттар мен ақаулы (бүлінген) монеталарды, сондай-ақ заңды төлем құралының күшін жойған банкноттар мен монеталарды айырбастау бойынша операциялар жүргізуіне байланысты қатынастарға қолданылмайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айналыстағы монеталар – бағалы емес металдардан жасалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар;

2) бақылаушы (касса қызметкері) – Ұлттық Банк филиалының бағалы металдардан жасалған монеталарға сараптама жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын касса қызметкері;

3) банкноттар және монеталар – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болып табылатын ақша белгілері;

4) белгіленген құн – банкноттардың, монеталардың номиналы бойынша құны;

5) инвестициялық монеталар – бағалы металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын монеталар;

6) Кассалық операциялар орталығы – Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал);

7) коллекциялық монеталар – арнайы бедерленген, бағалы және сол сияқты бағалы емес металдардан шектеулі таралыммен дайындалған, коллекция жасау және жинақтау объектісі болып табылатын мерейтойлық, ескерткіш және өзге де монеталар;

8) монеталарға арналған арнайы орау – монеталар жиынтығын жасауға арналған капсула, қорапша, термовакуумдық, полиграфиялық, сыйлыққа арналған, альбом ораулары және Ұлттық Банктің тапсырысы бойынша басқа орау;

9) сарапшы (касса қызметкері) – Ұлттық Банк филиалының бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу үшін қабылдауды, монеталарға сараптама жүргізуді жүзеге асыратын касса қызметкері;

10) Ұлттық Банктің интернет-дүкені – Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсының жеке және заңды тұлғалардың Ұлттық Банк шығаратын, инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға тапсырыстарын орналастыруға арналған, сатып алынатын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталар үшін ақы төлеуді жүзеге асыруға арналған, сондай-ақ сатып алынатын инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды жеткізуге арналған тапсырысты орналастыруға және инвестициялық және (немесе) коллекциялық монеталарды сатып алуға орналастырылған тапсырыстың жай-күйін қарап көруге арналған бөлімі;

11) Ұлттық Банктің филиалы – Ұлттық Банктің ұлттық валютаны қабылдауға және сатып алуға уәкілетті аумақтық филиалы.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату, сондай-ақ сатып алу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 тіркелген, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – № 247 Қағидалар) 16, 25, 35 және 37-тармақтарында көрсетілген құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

8. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату және сатып алу кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша кассалық операцияларды жүргізу № 247 Қағидалардың 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату сондай-ақ Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.»;

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Инвестициялық және коллекциялық монеталарды Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы сату кезінде сату бағасына монетаның босату бағасы, сондай-ақ монеталарды жеткізу шығыстары кіреді.»;

5-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бағалы металдан жасалған, Ұлттық Банк сатып алатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаның құнын есептеу және сатып алу сомасын төлеу мерзімдері

17. Бағалы металдан жасалған, Ұлттық Банк сатып алатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаның құнын есептеу Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша жүзеге асырылады.

Тиісті бағалы металдардың химиялық таза бағалы металдың бір трой унциясы үшін Лондон қымбат бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастығы (LBMA) АҚШ долларымен белгілеген таңертеңгі фиксингі (бағаның бағамдалуы) инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін тапсырған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалады.

Теңгенің АҚШ долларына қатысты Астана уақытымен сағат 15-30-дағы жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының екі: таңертеңгі (негізгі) және күндізгі (қосымша) сессияларының қорытындысы бойынша қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін тапсырған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалады.

Егер бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептелген сатып алу бағасы бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның номиналынан аз болса, сатып алу бағасы бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның белгіленген құнына тең болады.

18. Сараптаманы Ұлттық Банк филиалының сарапшысы (касса қызметкері) Ұлттық Банктің филиалы бақылаушысының (касса қызметкерінің) қатысуымен сараптама жүргізуге арналған жабдықта жүргізеді. Ұлттық Банк филиалының сараптамасы бағалы металдың және инвестициялық немесе коллекциялық монета жасалған сынамның сәйкес келуін растаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы инвестициялық немесе коллекциялық монета қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмейтін мерзімде инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған тұлғаға Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша бағалы металдардан жасалған инвестициялық монета бойынша сараптаманың қорытындысын, немесе Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша бағалы металдардан жасалған коллекциялық монета бойынша сараптаманың қорытындысын жібереді және оған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның дизайнында пайдаланылған, салынған теңбілдер, қондырмалар, жалатулар және басқа да декоративтік бөлшектер құнын қоспағанда, монетадағы бағалы металдың таза химиялық грамадағы салмағына тең соманы төлейді.

19. Сараптама жүргізуге арналған жабдықтың болмау немесе істен шығу себебі бойынша, Ұлттық Банк филиалының сатып алынатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаға сараптама жүргізуіне мүмкіндік болмаған жағдайда, монеталар сараптама жүргізу үшін Кассалық операциялар орталығына өткізіледі. Инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін қабылдаған Ұлттық Банктің филиалы

инвестициялық немесе коллекциялық монетаны қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған тұлғаға Кассалық операциялар орталығы дайындаған, Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша бағалы металдардан жасалған инвестициялық монета бойынша сараптаманың қорытындысын, немесе Кассалық операциялар орталығы дайындаған Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша бағалы металдардан жасалған коллекциялық монета бойынша сараптаманың қорытындысын жібереді және оған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның дизайнында пайдаланылған, салынған теңбілдер, қондырмалар, жалатулар және басқа да декорациялық бөлшектер құнын қоспағанда, монетадағы бағалы металдың таза химиялық граммадағы салмағына тең соманы төлейді.»;

1-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес редакцияда 3-қосымшамен толықтырысын;

осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес редакцияда 4-қосымшамен толықтырысын.

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Балахметов А.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 229 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Ұлттық Банкінің
Қазақстан Республикасы ұлттық
валютасының банкноттары мен
монеталарын сату және сатып алу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Монетаны сатып алу үшін қабылдау
АКТИСІ

_____ қаласы 20__ жылғы «__» _____

Осы акт Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

_____ филиалының
(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының атауы)
сарапшысы (касса қызметкері)

_____ (сарапшы (касса қызметкері) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

_____ мекенжайында тұратын, _____
(жеке тұлғаның тұрғылықты жері не заңды тұлғаның орналасқан жері)
байланыс телефоны _____,

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не заңды тұлғаның атауы және оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

_____ монетаны
қабылдағаны жөнінде жасалды.

р/с №	Монетаның атауы	Монета түрі (инвестициялық немесе коллекциялық)	Номиналы теңгемен (цифрмен және жазумен)	Саны, дана (цифрмен және жазумен)	Металл түрі	Салмағы граммен
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
...						
	Барлығы	-	-		-	

Мен, _____
(жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

бұзу әдісімен сараптама жүргізуге келісім беремін _____
(қолы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
филиалының сарапшысы (касса қызметкері)

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының атауы, сарапшының (касса қызметкерінің) тегі, аты, әкесінің атауы (ол бар болса)) (қолы)

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)
не заңды тұлғаның атауы және оның өкілінің
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

(қолы)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 229 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Ұлттық Банкінің
Қазақстан Республикасы ұлттық
валютасының банкноттары мен
монеталарын сату және сатып алу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

20__ жылғы «__» _____ *

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алатын,
бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монета құнының есебі

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының атауы)

(инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған жеке тұлғаның
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы «__» _____

р/с №	Бағалы металдың түрі	Монетаның атауы (инвестициялық, коллекциялық)	Номиналы	Химиялық таза бағалы металдың салмағы, граммен (сараптамааның қорытындысына сәйкес)	Монетаның 1 (бір) грамм үшін бағасы (теңге, тиын)	Тиісті бағалы металдардың Лондон бағалы металдар нарығының қауымдастығы (LBMA) химиялық таза бағалы металдың бір трой унциясы үшін белгілеген таңертеңгі фиксингі (бағасының бағамдалуы)	Ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты Астана уақытымен сағат 15-30-дағы жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының екі: таңертеңгі (негізгі) және күндізгі (қосымша) сессияларының қорытындысы бойынша қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы	Бір монетаны сатып алу бағасы (теңгемен бүтін белгіге дейін дөңгелектенген)	Дана саны (сатып алынды)	Сатып алудың жалпы сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
					7*8/ 31,103 4768			5*6		9*10
Жиын тығы:										
Барлы ғы:										

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
бухгалтерия қызметкері

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
бақылаушысы (касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
филиалының сарапшысы
(касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

* - Кассалық операциялар орталығының монеталарды сатып алуға қабылдаған Ұлттық Банктің филиалына монеталарды сатып алу сомасын аудару күні (Кассалық операциялар орталығы сатып алған монетаға сараптама жүргізген жағдайда) немесе Ұлттық Банк филиалының жеке немесе заңды тұлғаға монетаны сатып алу сомасын беру күні (Ұлттық Банк филиалы сатып алған монетаға сараптама жүргізген жағдайда) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 229 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Ұлттық Банкінің
Қазақстан Республикасы ұлттық
валютасының банкноттары мен
монеталарын сату және сатып алу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Бағалы металдардан жасалған
инвестициялық монета бойынша
сараптаманың № ____ қорытындысы

_____ қаласы

20__ жылғы «__» _____

(бағалы металдан жасалған монеталарға сараптама жүргізген филиалдың атауы)

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	
Заңды тұлғаның атауы	
Монета алынған күн	
Сараптама жүргізілген күн	
Монетаның сипаттамасы	
Монетаның атауы*	
Номиналы (теңге)	
Монетаның нақты салмағы (грамм)	
Бүтіндігі (иә/жоқ)	
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жарияланған немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының монетаны айналысқа шығару және (немесе) монетаның дизайнын айқындау туралы қаулысында көрсетілген монетаның салмағы (грамм)	
Бағалы металдың түрі	
Негізгі бағалы металдың сынамасы	
Химиялық таза бағалы металдың салмағы (грамм)	
Қорытынды	

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
сарапшысы (касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
бақылаушысы (касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

* - монетаның атауы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында жарияланған немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының монетаны шығару және дизайнын бекіту туралы қаулысында көрсетілген ақпаратқа сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2015 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 229 қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Ұлттық Банкінің
Қазақстан Республикасы ұлттық
валютасының банкноттары мен
монеталарын сату және сатып алу
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Бағалы металдардан жасалған
коллекциялық монета бойынша
сараптаманың № ____ қорытындысы

_____ қаласы

20__ жылғы «__» _____

(бағалы металдан жасалған монеталарға сараптама жүргізген филиалдың атауы)

Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	
Заңды тұлғаның атауы	
Монета алынған күн	
Сараптама жүргізілген күн	
Монетаның сипаттамасы	
Монетаның атауы*	
Номиналы (теңге)	
Монетаның нақты салмағы (грамм)	
Бүтіндігі (иә/жоқ)	
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында жарияланған немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының монетаны айналысқа шығару және (немесе) монетаның дизайнын айқындау туралы қаулысында көрсетілген монетаның салмағы (грамм)	
Бағалы металдың түрі	
Негізгі бағалы металдың сынамасы	
Химиялық таза бағалы металдың салмағы (грамм)	
Қорытынды	

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
сарапшысы (касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі филиалының
бақылаушысы (касса қызметкері)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

* - монетаның атауы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында жарияланған немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының монетаны шығару және дизайнын бекіту туралы қаулысында көрсетілген ақпаратқа сәйкес келеді.